ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІ
АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО СТАТИСТИКЕ

Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңына сәйкес бұл материал көбейтуге (көшіруге) жатпайды, статақпараттарды өзінің жарияланымдарында (басылымдарында) пайдаланған жағдайда Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігіне сілтеме жасауға міндетті.

В соответствии с Законом РК «Об авторском праве и смежных правах» данный материал не подлежит размножению (копированию), при использовании статинформации в своих публикациях (изданиях) обязательна ссылка на Агентство Республики Казахстан по статистике.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

2005 жылдың қаңтары
январь 2005 года

АЛМАТЫ, 2005

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

Ай сайынғы ақпараттық-талдамалы журнал

1991 жылдан бастап шығады

Құрылтайшы: Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі

Бас редактор - Қ.Әбдиев

«Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуында» 2005 жылдың қаңтар ел экономикасының дамуы туралы жедел статистикалық деректер бар.

Қосымшада «Қазақстан Республикасы және оның өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының статистикалық көрсеткіштері» тиісті бөлімдер бойынша кестелік материал келтірілген.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы (жедел деректер)» ай сайынғы журналын электрондық түрде ұсыну мүмкіндігі бар.

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 480008, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 125, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
Телефондар: 8 (327-2) 61-13-23, 61-66-45
Факс: (327-2) 42-08-24
E-mail:stat@ mail.online.kz
Internet:http//www.stat.kz

Шартты белгілер:

- – құбылыс жоқ
0,0 – болмашы шама
… – деректер жоқ (табыс етілмеген)

Таралымы: 250 дана.
Көлемі = 43,38 ЕБТ

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылдың 14 тамызында тіркелген № 3156-Ж

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Ежемесячный информационно-аналитический журнал

Издается с 1991 года

Учредитель: Агентство Республики Казахстан по статистике

Главный редактор - К.Абдиев

«Социально-экономическое развитие Республики Казахстан» содержит оперативные статистические данные о развитии экономики страны в январе 2005г.

В приложении «Статистические показатели социально-экономического развития Республики Казахстан и ее регионов» приведен табличный материал по соответствующим разделам.

Агентство Республики Казахстан по статистике имеет возможность предоставлять ежемесячный журнал «Социально-экономическое развитие Республики Казахстан (оперативные данные)» также в электронном виде.

Адрес: Республика Казахстан, 480008, г. Алматы, пр Абая, 125, Агентство Республики Казахстан по статистике
Телефоны: 8 (327-2) 61-13-23, 61-66-45
Факс: (327-2) 42-08-24
E-mail:stat@ mail.online.kz
Internet: http//www.stat.kz

Условные обозначения:

- – явление отсутствует
0,0 – незначительная величина
… – данные отсутствуют (не представлены)

Тираж: 250 экз.
Объем = 43,38 УПЛ

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан 14 августа 2002 г. № 3156-Ж

© Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі, 2005
© Агентство Республики Казахстан по статистике, 2005

Мазмұны

1. 2004 жылғы және 2005 жылғы қаңтардағы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының қысқаша қорытындылары 5

2. Тауарлар мен қызметтер өндірісі 7

2.1 Жалпы ішкі өнім 7
2.2 Өнеркәсіп өндірісі 8
2.3 Ауыл шаруашылығы 12
2.4 Құрылыс 13
2.5 Көлік 14
2.6 Байланыс 15
2.7 Сауда және өзге де қызметтер 15

3. Шағын бизнес мониторингі 16

4. Сыртқы сауда 17

4.1 Сыртқы сауда айналымы 17
4.2 ТМД мемлекеттерімен сыртқы сауда 17
4.3 Әлемнің басқа елдерімен сыртқы сауда 17

5. Тауар рыноктары 18

5.1 Өнімнің (тауарлардың) жекелеген түрлерінің ресурстары 18
5.2 Импортты алмастыру туралы 18

6. Инвестициялар 19

7. Баға 20

7.1 Тұтыну бағалары 20
7.2 Экономиканың нақты секторындағы бағалар 21

8. Қаржы жүйесі 24

8.1 Мемлекеттік қаржы 24
8.2 Кәсіпорындардың қаржы қызметі 25
8.3 Ақша-кредит жүйесі 26

9. Еңбек рыногы 28

9.1 Жұмыссыздық және жұмыспен қамтамасыз ету 28
9.2 Жалданып жұмыспен қамтылу 29

10. Халықтың табысы 30

10.1 Ақшалай табыстар 30
10.2 Еңбекке ақы төлеу 30

11. Демографиялық процестер және әлеуметтік сала 32

11.1 Демографиялық ахуал 32
11.2 Халықтың ауру-сырқаулығы 32
11.3 Қылмыстылық 33

12. Қазақстан Республикасы өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы: салыстырмалы талдау 34

13. Конъюнктуралық зерттеулер 36

14. Дүниежүзілік экономиканың даму үрдістері 39

14.1 ТМД елдерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы 39
14.2 ЕО және Еуро-аймақ елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері 43
14.3 2005 жылғы қаңтардағы жекелеген тауарлардың әлемдік рыногінің конъюнктурасы 47

Содержание

1. Краткие итоги социально-экономического развития Республики Казахстан в 2004 году и январе 2005 года ... 50

2. Производство товаров и услуг ... 52

2.1 Валовой внутренний продукт ... 52
2.2 Промышленное производство ... 53
2.3 Сельское хозяйство ... 57
2.4 Строительство ... 58
2.5 Транспорт ... 59
2.6 Связь ... 60
2.7 Торговля и прочие услуги ... 60

3. Мониторинг малого бизнеса ... 61

4. Внешняя торговля ... 62

4.1 Внешнеторговый оборот ... 62
4.2 Внешняя торговля с государствами СНГ ... 62
4.3 Внешняя торговля с другими странами мира ... 62

5. Товарные рынки ... 63

5.1 Ресурсы отдельных видов продукции (товаров) ... 63
5.2 Об импортозамещении ... 63

6. Инвестиции ... 64

7. Цены ... 65

7.1 Потребительские цены ... 65
7.2 Цены в реальном секторе экономики ... 66

8. Финансовая система ... 69

8.1 Государственные финансы ... 69
8.2 Финансовая деятельность предприятий ... 70
8.3 Денежно-кредитная система ... 71

9. Рынок труда ... 73

9.1 Безработица и обеспечение занятости ... 73
9.2 Занятость по найму ... 74

10. Доходы населения ... 75

10.1 Денежные доходы ... 75
10.2 Оплата труда ... 75

11. Демографические процессы и социальная сфера ... 77

11.1 Демографическая ситуация ... 77
11.2 Заболеваемость населения ... 77
11.3 Преступность ... 78

12. Социально-экономическое положение регионов Республики Казахстан: сравнительный анализ ... 79

13. Конъюнктурные обследования ... 81

14. Тенденции развития мировой экономики ... 84

14.1 Социально-экономическое положение стран СНГ ... 84
14.2 Текущее состояние стран ЕС и Евро-зоны ... 89
14.3 Конъюнктура мирового рынка отдельных товаров в январе 2005г. ... 92

1. 2004 ЖЫЛҒЫ ЖӘНЕ 2005 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Макроэкономикалық үрдістер. 2004 жылғы жедел деректер бойынша, жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) көлемі ағымдағы бағамен 5542,5 млрд. теңге болды. Нақты ЖІӨ-ің өсу қарқыны 2003 жылмен салыстырғанда 9,4%-ға өсті. ЖІӨ құрылымында тауар өндірісінің үлесі ЖІӨ-ден 45%, қызмет көрсетуде - 50,6% құрады.

2004 жылғы желтоқсанда *тұтыну бағасының индексі* 2003 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 106,7% құрады, жылына орта есеппен - 106,9%. 2005 жылғы қаңтарда тұтыну тауарлары мен қызметтеріне бағалар мен тарифтер 2004 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 0,8%-ға, азық-түлік тауарлары мен ақылы қызметтерге - 1,0%-ға өсті. Азық-түлік емес тауарларға индекс бағасы 100% құрады. 2005 жылғы қаңтарда өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындардың бағасы 2004 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 1,8%-ға төмендеді.

2004 жылы, сараптық бағалау бойынша, *жұмыссыздар саны* 657,4 мың адамды, 2005 жылғы қаңтарда - 660,0 мың адамды құрады. 2004 жылы *жұмыссыздық деңгейі* экономикалық тұрғыдан белсенді халық санына 8,4%-ды, 2005 жылғы қаңтарда - 8,6%-ды құрады. 2004 жылғы желтоқсанның соңына жұмыспен қамту органдарында жұмыссыздар ретінде тіркелген азаматтар саны 117,7 мың адамды, 2005 жылғы қаңтардың соңына – 120,1 мың адамды құрады, экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы олардың үлесі тиісінше 1,5%-дан болды.

Экономиканың нақты секторы. 2005 жылғы қаңтарда *өнеркәсіп өндірісінің көлемі* қолданыстағы бағамен 347,5 млрд. теңгені құрады, бұл 2004 жылғы қаңтардағыдан 9%-ға артық. Өндіріс көлемі 2004 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда кен өндіру өнеркәсібінде 12,8%-ға, өңдеу өнеркәсібінде 4,8%-ға, электр энергиясың, газ бен су өндіруде және бөлуде 8,6%-ға өсті.

2005 жылғы қаңтарда *ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі* ағымдағы бағамен 21,0 млрд. теңгені құрап, 2004 жылғы қаңтармен салыстырғанда 5,8%-ға өсті.

2005 жылғы қаңтарда *жүк тасымалдаудың жалпы көлемі* (коммерциялық тасымалдаумен шұғылданатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасымалдаған жүк көлемінің бағасын есепке алғанда) 131,0 млн. тоннаны құрап, 2004 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 3,5%-ға өсті.

2005 жылғы қаңтарда *бөлшек сауда тауар айналымының көлемі* (қоғамдық тамақтандыру айналымынсыз) 92,5 млрд. теңгені құрап, 2004 жылғы қаңтармен салыстырғанда 9,9%-ға артты.

2005 жылғы қаңтарда *негізгі капиталға инвестициялардың көлемі* 97,1 млрд. теңгені құрады, бұл 2004 жылғы қаңтардағыдан 61,2%-ға көп.

2005 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша республикада 209884 *шаруашылық жүргізуші субъект (заңды тұлға) тіркелді*, соның ішінде жұмыспен қамтылғандардың саны 50 адамға дейінгі –196925. Жұмыс істейтін заңды тұлғалар - 157843. Заңды тұлғалардың ішіндегі шағын кәсіпорындар саны - 145796, олардан шағын бизнес кәсіпорындары – 104556.

Сыртқы сауда. 2004 жылғы қаңтар-желтоқсанда Қазақстанның *сыртқы сауда айналымы* (Қазақстан Республикасы Қаржы Министрілігінің Кедендік бақылау агенттігінің деректері бойынша ұйымдаспаған сауданы есепке алмағанда) 32877,5 млн. АҚШ долларын құрап, 2003 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 54%-ға өсті, соның ішінде *экспорт* – 20096,2 млн. АҚШ доллары (56%-ға өсті), *импорт* – 12781,3 млн. АҚШ доллары (52%-ға өсті).

Қаржы. 2005 жылғы 1 қаңтарға Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жедел деректері бойынша Қазақстан Республикасының *Мемлекеттік бюджетіне* түскен түсімдер көлемі 1305,1 млрд. теңгені құрады, бұл 2004 жылғы 1 қаңтардағыдан 27,7%-ға артық, шығыстар мен кредит беру –1323,8 млрд. теңге (24,6%-ға артық).

Есеп берген кәсіпорындар мен ұйымдардың деректері бойынша 2004 жылғы желтоқсанда салық салғанға дейінгі кәдуілгі қызметтен алынған қаржылық нәтиже табыс есебінде 105,7 млрд. теңге сомасында анықталды, бұл 2003 жылғы қаңтардағыдан 2,1 есе артық. *Пайдалылық деңгейі* – 23,6%. Есеп берген кәсіпорындардың жалпы санынан *залалды кәсіпорындардың үлесі* 40,8% құрады.

2005 жылғы 1 қаңтарда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша екінші деңгейдегі банктердің экономика салаларына салған *кредиттік салымдары* 1484,3 млрд. теңгені құрады. Олардың көбеюінде тұрақты серпін байқалады. Кредиттік салымдардың жалпы көлемінде ұзақ мерзімді кредиттер үлесі 65,7%, шетел валютасындағы кредиттердің үлесі 51,9% құрады. 2005 жылғы 1 қаңтарда банк жүйесіндегі *депозиттер көлемі 1255,4* млрд. теңгені құрады, бұл 2004 жылғы 1 қаңтарға қарағанда 71,2%-ға көп, соның ішінде халық депозиттері (салымдары) тиісінше 441,2 млрд. теңге болды, бұл 2004 жылғы 1 қаңтардағыдан 31,5%-ға көп.

Халық табысы. 2004 жылғы желтоқсанда, бағалау бойынша, *халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы* 14876 теңгені құрап, 2003 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда –20,4%-ға, ал *нақты ақшалай табысы* – 12,8%-ға өсті.

2004 жылғы желтоқсанда қызметкерлерге бөлінген орташа айлық атаулы жалақы 35652 теңгені құрап, 2003 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 26,5%-ға өсті. Нақты жалақы 18,5%-ға өсті.

Негізгі әлеуметтік-экономикалық индикаторлар

	Өлшем бірлігі	2004ж. қаңтар-желтоқсан	2005ж. қаңтар	Өткен жылғы тиісті ке-зеңіне %- бен		2005ж. қаңтар 2004ж. желтоқсанға %-бен
				2004ж. қаңтар-желтоқсан	2005ж. қаңтар	
А	Б	1	2	3	4	5
Экономикалық көрсеткіштер						
Жалпы ішкі өнім	млрд. теңге	5542,5		109,4		
Өнеркәсіп өнімінің (тауардың, қызметтің) көлемі	млрд. теңге	3733,8	347,5	110,1	109,0	90,9
Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі	млрд. теңге	693,3	21,0	100,1	105,8	55,8
Көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау	млн. тонн	1840,0	131,0	109,0	103,5	77,4
Байланыс қызметінің көлемі (өсу қарқыны салыстырмалы бағаларда) [1]	млрд. теңге	169,1	18,3	132,0	132,3	114,0
Өткізудің барлық арналары бойынша бөлшек сауда тауар айналымы	млрд. теңге	1095,2	92,5	110,9	109,9	84,6
Сыртқы сауда айналымы[1]	млн. АҚШ долл.	32877,5	3337,9	154	151	93
соның ішінде:						
экспорт		20096,2	2106,3	156	165	92
импорт		12781,3	1231,6	152	131	94
Негізгі капиталға инвестициялар	млрд. теңге	1530,6	97,1	110,6	161,2	41,1
Тұтыну бағасының индексі				106,9	106,8	100,8
Өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағасының индексі				116,7	118,8	98,2
Жұмыссыздар саны (бағалау)	мың. адам	657,4	660,0	97,8	95,2	99,5
Орта есеппен жан басына шаққандағы ақшалай табыс (бағалау)[1]	теңге	152932	14876	121,0*	120,4*	112,5
Нақты ақшалай табыс (бағалау)[1]	%-бен			113,2*	112,8*	111,5
Бір қызметкердің орташа айлық жалақысы[1]:						
атаулы	теңге	28270	35652	121,7	126,5	123,5
нақты	%-бен			113,9	118,5	122,4
Қаржылық көрсеткіштер [3]						
Бюджеттің тапшылығы (профицит)	ЖІӨ-ге %- бен	-				
М3 ақша жиыны [4]	млрд. теңге		1634,7		168,2	107,3
Айналымдағы қолма-қол ақша[4]	млрд. теңге		379,3		159,0	109,7
Банк жүйесіндегі депозиттер[4]	млрд. теңге		1255,4		171,2	106,6
соның ішінде халық депозиттері	млрд.теңге		441,2		131,5	106,5
Екінші деңгейдегі банктердің экономика салалары мен халықты кредиттеуі[4]	млрд. теңге		1484,3		151,8	103,9
соның ішінде ұзақ мерзімді кредиттік салымдар	млрд.теңге		975,4		160,3	105,0
Кәсіпорындар мен ұйымдардың пайдалылығы[1]	%-бен		23,6		-	-
Кәсіпорындар мен ұйымдардың дебиторлық берешегі	млрд. теңге		1813,8		121,0	98,6
Кәсіпорындар мен ұйымдардың міндеттемелер бойынша берешегі	млрд. теңге		3910,6		119,9	98,6

2-баған - 2004ж. желтоқсан; 4-баған- 2004ж. желтоқсан 2003ж. желтоқсанға - %-бен; 5-баған - 2004ж. желтоқсан 2004ж. қарашаға %-бен.

[3] 2-баған - кезең басында; 4-баған - 1.01.2005ж. 1.01.2004ж-ға; 5-баған - 1.01.05. 1.12.2004ж-ға.

[4] ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша.

** 2003 жылғы қаңтар- желтоқсандағы және желтоқсандағы нақтыланған деректерге %-бен.*

Ескерту: Бөлшек сауда тауар айналымы өткізудің барлық арналары бойынша қоғамдық тамақтандырудың қызметтерін есепке алмайды.
Сыртқы сауда тауар айналымы Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Кедендік бақылау комитетінің деректері бойынша ұйымдаспаған сауданы есепке алмай келтірілген.

2. ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ӨНДІРІСІ

2.1 ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМ

Қазақстанда 2004 жылдың жалпы ішкі өнімінің (ЖІӨ) көлемі жедел алынған деректер бойынша 5.542,5 млрд.теңгені құрады. Оның нақты көлемінің өзгеру қарқыны 2003 жылмен салыстырғанда 109,4% болды.

ЖІӨ-нің 9,4%-ға өсуі экономиканың барлық салаларындағы нақты көлемнің өсуіне байланысты болып отыр: өнеркәсіпте - 10%, ауыл шаруашылығында - 0,1%, құрылыста - 11,2%, көлік және байланыста - 12,2%, саудада - 10,4% және басқа қызметтерде - 10,4% құрады.

2004 жылы дефлятор-индекс жалпы экономика бойынша 2003 жылмен салыстырғанда 109,9% құрады, соның ішінде тауарлар өндіруде - 116,2%, қызмет көрсетуде - 115,6% жетті.

2004 жылы ЖІӨ құрылымында тауарлар өндіру мен қызмет көрсетудің үлесі тиісінше 44,9% және 50,7% құрады. ЖІӨ құрылымында негізгі үлесті өнеркәсіп (31,1%) алады.

ЖІӨ өндірісі келесі деректермен сипатталады:

	Жалпы қосылған құн, өнімдерге және импортқа салынған салық ағымдағы бағаларда, млрд. теңге, 2004 жылдың қаңтар-желтоқсаны	Нақты көлем индексі, 2004 жылдың қаңтар-желтоқсаны 2003 жылдың қаңтар-желтоқсанына, %	ЖІӨ құрылымы, %		Дефлятор, 2004 жылдың қаңтар-желтоқсаны 2003 жылдың қаңтар-желтоқсанына, %
			2004 жылдың қаңтар-желтоқсаны	2003 жылдың қаңтар-желтоқсаны	
Жалпы ішкі өнім	5 542,5	109,4	100,0	100,0	109,9
Тауар өндіру	2 493,6	108,3	44,9	43,0	116,2
Ауыл шаруашылығы, орман өсіру және балық аулау	439,0	100,1	7,9	7,9	121,0
Өнеркәсіп	1 726,3	110,0	31,1	29,1	117,0
Құрылыс	328,3	111,2	5,9	6,0	106,9
Қызмет көрсету	2 804,9	110,8	50,7	51,8	115,6
Сауда	629,3	110,4	11,4	11,6	106,2
Көлік және байланыс	677,0	112,2	12,2	12,4	105,7
Қызмет көрсететін басқа салалар	1 498,6	110,4	27,1	27,8	105,9
Салалар бойынша барлығы	5 298,5	109,7	95,6	94,8	110,5
Өнімдерге және импортқа салынған салық	344,3	109,4	6,2	6,7	100,5
Қаржы делдалдығының жанама-өлшемді қызметері	-100,3	128,9	-1,8	-1,5	109,1

2.2 ӨНЕРКӘСІП ӨНДІРІСІ

2005 жылдың қаңтарында Қазақстанның өнеркәсіп кәсіпорындары (шағын, қосалқы кәсіпорындарды, үй шаруашылықтары секторын қоса) қолданыстағы бағада 347,5 млрд. теңгенің өнімін өндірді, бұл 2004 жылғы қаңтардағы деңгейге 109% құрады. Өндіріс көлемінің өсуі Қарағанды облысынан басқа республиканың барлық өңірлерінде байқалды.

2005 жылдың қаңтарындағы өнеркәсіп өнімдері көлемінің өсуі (төмендеуі), 2004 жылдың қаңтарына %-бен



2005 жылдың қаңтарындағы өнеркәсіп өнімдерінің нақты көлем индекстері, 2004 жылдың қаңтарына және 2005 жылдың қаңтарындағы өнеркәсіптің салалық құрылымы



Кен өндіру өнеркәсібінде 2005 жылдың қаңтарында 196,7 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, бұл шикі мұнай мен ілеспе газды (14,9%-ға); темір кендерін (9%-ға) өндіруді арттыру есебінен 2004 жылдың тиісті кезеңіндегіден 12,8%-ға жоғары болды. Көлемнің өсуі негізінен газ конденсатын (54,5%-ға); газтәріздес табиғи газды (51%-ға); темір кендерін (24,6%-ға); шикі мұнайды (9,4%-ға); теміркенді шекемтастар (5,8%-ға); лигнит (1,4%-ға) өндіруді арттыру есебінен қамтамасыз етілді. Сондай-ақ, мыс, марганец және хром кендерін; әктас және ғаныш; саз және ақсаз; фосфат шикізаты; тұз және натрий хлориді 2004 жылғы қаңтардағыдан артық өндірілген.

Өңдеу өнеркәсібінде 2005 жылдың қаңтарында 117,9 млрд. теңгенің өнімі өндірілген, бұл 2004 жылдың қаңтарындағы деңгейден 4,8% артық.

2004 жылмен салыстырғанда 2005 жылдың қаңтарындағы өнеркәсіп өндірісі нақты көлемінің индекстері және өңдеу өнеркәсібіндегі келесі қызмет түрлерінің үлес салмағы төменде келтірілген:

2005 жылдың қаңтарында 27,4 млрд. теңгеге ауыл шаруашылығы өнімі өңделді, соның ішінде **сусындарды қоса, тамақ өнімдерін өндіру** 24 млрд. теңге. Еттен жасалған консервілер; өңделген және консервіленген балық; жеміс және көкөніс шырындары; сүт және кілегей; сары май; ірімшік және сүзбе; ұн; майонез өндіру артты. Сондай-ақ, этил спиртін (22,5%-ға); арақ (21,6%-ға); жүзім шарабын (13,3%-ға); шампан (2,1%-ға) өндіруді арттыру қамтамасыз етілді.

2005 жылдың қаңтарында **тоқыма және тігін өнеркәсібінде** 3,5 млрд. теңгенің өнімі өндірілді. Өндірістің өсуі негізінен қызметтің осы түрі бойынша өнеркәсіп өндірісі көлемінің 80% үлесі келетін мақта талшығын (11,5%-ға) шығаруы арттыру есебінен болды. Сондай-ақ төсек жаймалары; кілем және кілем бұйымдары; свитерлер, жемпірлер, пуловерлер және осыған ұқсас бұйымдар; жұмыс киімдері 2004 жылғы қаңтардағыдан артық өндірілген. Мұнымен қоса, мақта иірімжіптері; мата; сырт киім; пальто және қысқа пальто өндіру төмендеді.

2005 жылдың қаңтарында **былғары және былғарыдан жасалған бұйымдар мен аяққиім өндірісінде** 168 млн. теңгенің өнімі өндіріліп, 2004 жылғы қаңтардағы деңгейден 24,4% жоғары болды, бұл ірі қара малдың немесе жылқы тектес жануарлардың терісінен жасалған былғары (139%); аяққиім (107,6%) өндірісін арттыру есебінен қамтамасыз етілді.

Сүрек өңдеу және ағаштан жасалған бұйымдар шығару көлемі 2005 жылдың қаңтарында 2004 жылдың қаңтарымен салыстырғанда негізінен темір жол және трамвай шпалдарын; құрылыстық ағаш констркуцияларын; есік, терезе және олардың рамаларын; ағаш ыдыстар шығаруды азайтудан 84,8% құрады.

Целлюлоза-қағаз өнеркәсібінде және баспа ісінде 2005 жылдың қаңтарында 2,3 млрд. теңгеге өнім өндірілді. Қағаз қаптар мен пакеттер (157,7%); қағаздан немесе кеңірдектелмеген қатырма қағаздан жасалған қораптар, жәшіктер және сөмкелер (124,1%); пошталық және құттықтау ашық хаттарын (122,1%); газеттер, жорналдар және аптасына төрт реттен артық шығатын мерзімдік басылымдар (119,6%); аптасына төрт реттен кем шығатын газеттер (105,7%) шығаруды арттыру қамтамасыз етілді.

2004 жылмен салыстырғанда 2005 жылдың қаңтарындағы өнеркәсіп өндірісінің нақты көлем индекстері және өңдеу өнеркәсібіндегі келесі қызмет түрлерінің үлес салмағы төменде келтірілген:



2005 жылдың қаңтарында **кокс, мұнай өнімдерін және ядролық материалдарды өндіруде** 11,8 млрд. теңгеге өнім шығарылды, бұл көмірсутекті сұйытылған газ (33%); мотор отынын (бензин) (30,3%); газойль (16,3%); бензинделген газ (5,9%) өндіруді арттыру есебінен өткен жылғы қаңтардағы деңгейден 6,7%-ға жоғары.

Химия өнеркәсібінде 2005 жылдың қаңтарында 3,6 млрд. теңгенің өнімі өндірілді немесе хром ангидридін; күкірт және ортофосфор (фосфор) қышқылын; натрий трифосфатын және бихроматын; азотты және фосфорлы тыңайтқыштар шығаруды азайтуға байланысты 2004 жылғы қаңтардағыдан 4,6%-ға төмен болды.

2005 жылдың қаңтарында **резіңке және пластмасса бұйымдары өндірісінде** 1,1 млрд. теңгенің өнімі өндірілді. Резіңке және пластмассадан жасалған құбырлар, түтіктер, жең және шлангілер (тиісінше 358,3 және 114%); резіңкеден жасалған конвейрлік (транспортерлік) таспалар (196,2%); пластмассадан жасалған есіктер, терезелер, есік қораптары және терезе жақтаулары, есікке арналған босаға, терезе қақпағы, терезе жапқыштар (102,5%) шығару артты.

Өзге де металл емес минералды өнімдер өндірісінде 2005 жылғы қаңтарда 3,6 млрд. теңгенің өнімі шығарылды, бұл 2004 жылғы қаңтардағы деңгейге 107,6% құрады, бұл негізінен асбестцементтен жасалған жаймалар, панельдер, тақтайшалар және осыған ұқсас бұйымдар (408,9%); ғанышкартонын (398,1%); отқа төзімді және отқа төзімсіз қыш кірпіштер (тиісінше 213 және 117,6%); құрылыс ерітінділерін (165%); цемент (152,1%); тауарлы бетон (140,7%) өндіруді арттыру есебінен болды.

2005 жылдың қаңтарында **металлургия өнеркәсібінде және металдан жасалған дайын бұйымдар өндірісінде** 54,3 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, соның ішінде қара және түсті металлургия өнімі - тиісінше 21,8 млрд. және 28,9 млрд. теңге. Тұтастай қызмет түрі бойынша 2005 жылдың қаңтарындағы нақты көлем индексі 2004 жылғы қаңтармен салыстырғанда 100,1% құрады; сала үлесіне өңдеу өнеркәсібі көлемінің 46% келеді. **Қара металлургияда** шойын (19%); болат (18,4%); жайма илек (12,8%) шығару төмендеді. Мұнымен қоса, ферроқорытпалар өндірісі өскен (119,3%). **Түсті металдар өндірісінде** өңделмеген қорғасын (126,5%) және мырыш (123,7%); аффинаждалған күміс (116,1%); алюминий тотығын (103,3%) шығару артты. Мұнымен қатар, аффинаждалған алтын; таза емес және тазартылған мыс; мыс сымы сияқты өнім түрлері бойынша өндіріс төмендеген.

Дайын металл өнімдерін өндіру 2005 жылдың қаңтарында 2004 жылғы қаңтардағы деңгейге 77,5% құрады, бұл цистерналар, кеспектер және барабандар; өзге де конструкциялар және конструкция бөлшектерін; қара металдардан жасалған ванналар; қымбат емес металдармен қапталған электродтар шығаруды азайтуға байланысты.

2004 жылмен салыстырғанда 2005 жылдың қаңтарындағы өнеркәсіп өндірісінің нақты көлем индекстері және өңдеу өнеркәсібіндегі келесі қызмет түрлерінің үлес салмағы төменде келтірілген:



Машиналар мен жабдықтар өндіруде 3 млрд. теңгенің өнімі шығарылды. Электр қозғалтқыштары бірге жасалған электр тұрмыстық құралдар (333,3%); тұрмыстық кір жуғыш машиналар немесе кір жуу үйлеріне арналған машиналар (136,4%); қозғалтқыштар (135,3%); тамақ өнімдерін, сусындар және темекі өнімдерін өңдеуге арналған жабдықтар (103%) шығару өсті. Мұнымен қатар, шарикті немесе аунақша мойынтіректер; кен өндіру өнеркәсібіне арналған машиналар; мұнай-газ өңдейтін жабдықтар шығару төмендеді.

Электр жабдықтарын, электрондық және оптикалық жабдықтар өндіруде 2005 жылдың қаңтарында 2004 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда магнитофон (70,2%); теледидар (34%); оқшауландырылған орағыш сымдар (12%); электр аккумуляторларын және олардың бөлшектерін (6%); электр тізбектерін ажыратуға, ауыстырып қосуға немесе қорғауға арналған, кернеулілігі 1000 В-ға дейінгі аппаратуралар (2,8%) шығаруды азайтуға байланысты өндіріс көлемі төмендеп кеткен.

2005 жылдың қаңтарында **көлік құралдары мен жабдықтарын өндіру** 3,5 млрд. теңгені құрады. Өткен жылдың қаңтарындағы деңгейге қарағанда тіркемелер және жартылай тіркемелер, контейнерлер (180%); қозғалтқыш бөлшектерін (123,8%) шығару артқан. Кемелерді, темір жол локомотивтерін, трамвайға арналған моторлы вагондарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету қызметтерінің көлемі артқан. Жолаушыларға арналған жеңіл автомобильдер; темір жол локомотивтерінің, трамвайға арналған моторлы вагондар және автомобиль бөлшектерінің өндірісі 2004 жылғы қаңтарға қарағанда төмендеген.

Өнеркәсіптің өзге де салаларында 1 млрд. теңгенің өнімі өндірілген. Жиһаз шығару 2004 жылғы қаңтардағы деңгейге қарағанда төмендеген: қаңқасы негізінен ағаштан жасалған, отыруға арналған жиһаз – 46,7%; ағаш төсектер – 18,5%; ағаштан жасалған кеңсе жиһазы – 3,6%. Мұнымен қатар, спорт тауарлары (133,3%) мен зергерлік бұйымдар (131,5%) өндірісі өскен.

Электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлуде нақты көлем индексі 2005 жылдың қаңтарында 2004 жылғы қаңтармен салыстырғанда негізінен газтәріздес отын және электр энергиясын өндіру мен бөлу (тиісінше 19% және 12,8%); бумен және ыстық сумен жабдықтау (5,3%); су жинау, тазалау және бөлу (0,6%) көлемінің өсуі есебінен 108,6% құрады. Электр энергиясы мен жылу энергиясын өндіру 6954,7 млн. кВт. сағ. және 11853,4 мың Гкал құрады, бұл 2004 жылғы қаңтардағы деңгейден 8 және 4,1% жоғары.

2.3 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру

Ағымдағы жылғы қаңтарда тұтастай республика бойынша ауыл шаруашылық өнімдерінің жалпы көлемі ағымдағы бағамен 21,0 млрд. теңгені құрады, бұл 2004 жылғы тиісті кезеңдегіден 5,8%-ға артық.

Мал шаруашылығы

Ағымдағы жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша өткен жылғы тиісті күнмен салыстырғанда шаруашылықтардың барлық санаттарында ірі қара мал (5225 мың бас), қой мен ешкі (13346,5 мың бас), жылқы (1090,8 мың бас), түйе (123,3 мың бас), және құс (24997,7 мың бас) санының өсуіне қол жеткізілген. Шошқаның саны 4,7%-ға кеміді және 1312,1 мың бас құрады.

2004 жылғы 1 ақпаннан бергі кезеңде барлық облыстардағың ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілер ірі қара мал, жылқы, қой мен ешкі санын ұлғайтқан болса, ал құс саны 10 облыста, шошқа саны тек қана Атырау (118,8%), Ақтөбе (102,4%), Солтүстік Қазақстан (102,3%), Ақмола (102,1%) және Қостанай (100,2%) облыстарында артып отыр.

Мал шаруашылығының негізгі өнімдерін өндіру, мың тонна



2005 жылғы қаңтарда 2004 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда ет өндірісінің өсуі барлық облыстарда, сүт – Батыс Қазақстаннан (97,1%) басқа барлық облыстарда, жұмыртқа – Павлодардан (76,3%), Қызылордадан (76,9%), Алматы (86%) мен Оңтүстік Қазақстаннан (97%) басқа барлық облыстарда тіркелді.

А.ж. қаңтарында мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің жалпы көлеміндегі санаттардың үлесі кестемен көрсетілген:

Мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің жалпы көлеміндегі жеке санаттардың үлес салмағы



Мал азығының қолда бары. 2005 жылғы 1 ақпан?а барлық меншік нысанындағы ауыл шаруашылық кәсіпорындарында мал азығы бірліктеріне қайта есептегенде 2004 жылғы 513,3 мың тоннаға қарсы 379,4 мың тонна мал азығы бар болған. Қолда бар мал азығы Ақмола (43%-ға), Солтүстік Қазақстан (43%-ға), Қызылорда (35%-ға) және Батыс Қазақстан (28%-ға), облыстарының ауыл шаруашылық кәсіпорындарында едәуір қысқарды.

Орта есеппен ірі қара малдың бір шартты басына 5,3 центнер азық бірлігінен келді, бұл өткен жылғы деңгейден 28,4%-ға кем.

2.4 ҚҰРЫЛЫС

Құрылыс қызметі

2005 жылғы қаңтарда құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі, жете бағалауды ескере отырып, 17 млрд. теңгені құрады, бұл 2004 жылғы қаңтардағы деңгейден 23,2%-ға жоғары.

Республика көлемінде жеке құрылыс ұйымдары атқарған құрылыс жұмыстарының үлес салмағы қомақты – 84,4%. Мердігерлік жұмыстардың жалпы көлемінің 14,8%-ын шетелдік мердігерлер, 0,8%-ын мемлекеттік ұйымдар орындады.

Республиканың барлық өңірлерінде құрылыс жұмыстарының көлемі 2004 жылғы қаңтардағы деңгейден асып түсті. Сонымен қатар көлемнің едәуір өсуі Солтүстік Қазақстан (3,4 есе), Батыс Қазақстан және Қызылорда (1,5 есе), Шығыс Қазақстан (1,4 есе), Атырау, Жамбыл және Павлодар (1,3 есе) облыстарында байқалды.

2005 жылғы қаңтарда жалпы ауданы 366 мың шаршы метр 1232 үй салынды, соның ішінде тұрғын үйге арналғаны – тиісінше, 294 мың шаршы метр 957 үй.

Тұрғын үй құрылысы

2005 жылғы қаңтарда тұрғын үй құрылысына 8,1 млрд. теңге инвестиция жұмсалды, бұл 2004 жылғы қаңтардағыдан 1,7 есе артық. Барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдар және тұрғындар жалпы ауданы 256,8 мың шаршы метр 2439 жаңа пәтер салды, бұл 2004 жылғы қаңтардағы деңгейден 1,8 есе жоғары.

Тұрғын үйлерді пайдалануға беру серпіні



2005 жылғы қаңтарда республиканың 12 өңірінде салынған тұрғын үйлер көлемі өткен жылғы қаңтардағы деңгейден асып түсті. Сонымен, көлемнің едәуір өсуі Қостанай (6,6 есе), Қарағанды (3,2 есе), Солтүстік Қазақстан (2,7 есе), Атырау және Жамбыл (2 есе), Ақмола (1,8 есе) облыстарында және Астана қаласында (4,9 есе) байқалды.

Республикада іске қосылған тұрғын үй көлемінде Астана (33,9%) және Алматы (12,4%) қалалары, Атырау (9,5%) және Оңтүстік Қазақстан (9,1%) облыстары қомақты үлес салмағына ие.

Республикада тұрғын үй құрылысын негізінен мемлекеттік емес сектор субъектілері жүзеге асырады, соның ішінде жартысынан көбі халық үлесінде, олар іске қосылған тұрғын үйдің жалпы көлемінің, тиісінше, 86,4%-ын және 51%-ын салған.

Тұрғын үй құрылысының құны. 2005 жылғы қаңтарда тұрғын үйлердің жалпы ауданының шаршы метр құрылысының орташа құны 42,7 мың теңгені құрады (2004 жылғы қаңтарда – 27,7 мың теңге), соның ішінде халықтың салғаны – тиісінше, 18,9 мың теңге және 15,5 мың теңге.

2.5 КӨЛІК

2005 жылдың қаңтарында республикадағы **жүк тасымалдау** көлемі (коммерциялық тасымалдаумен айналысатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасыған жүк көлемін бағалауды есепке алғанда) 131,0 млн. тонна жүкті құрады, бұл өткен жылдың тиісті кезеңіндегі жүк тасымалдаудан 3,5% артық.

Республиканың темір жол көлігі ағымдағы жылдың қаңтарында 17,4 млн. тонна жүк тасымалдады, бұл өткен жылдың тиісті кезеңіндегіден 4,0% жоғары.

Ағымдағы жылдың қаңтарында **автотасымал** (коммерциялық тасымалдаумен айналысатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасыған жүк көлемін бағалауды есепке алғанда) – 97,0 млн. тоннаны құрады, бұл өткен жылдың тиісті кезеңіндегіден 3,4% артық.

Магистральды құбырмен ағымдағы жылдың қаңтарында 16,6 млн. тонна жүк тасу жүзеге асырылды, бұл 2004 жылғы қаңтармен салыстырғанда 4,0% артық. Айдалған жүктің жалпы көлемінен мұнай және мұнай өнімдері 5,5 млн. тоннаны (өткен жылдың тиісті кезеңіне 113,2%), газ – 11,1 млн. тоннаны (100,1%) құрады.

Республикадағы **әуе жүк** тасымалы 2005 жылдың бірінші айында 1676 тоннаны құрады немесе өткен жылдың тиісті кезеңіне 122,1%.

2005 жылдың қаңтарында республика көлігімен 706,2 млн. жолаушы тасылды. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда темір жол көлігімен жолаушы тасымалдау – 5,7%, трамваймен – 2,0%, троллейбуспен – 21,6%, автобуспен – 3,1%, таксимен – 4,4%, әуе көлігімен – 1,5% төмендеді.

2.6 БАЙЛАНЫС

2004 жылғы қаңтар-желтоқсандағы республиканың байланыс кәсіпорындары 169,1 млрд. теңгенің қызметін көрсетсе, одан халыққа көрсетілгені – 57,0 млрд. теңге, бұл 2003 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда салыстырмалы бағада тиісінше 32,0% және 20,0% артық.

2004 жылғы қаңтар-желтоқсандағы байланыс қызметінен түскен табыстар құрылымында қалааралық байланыстың үлесі 27,5%, сымсыз байланыс – 34,3%, жергілікті телефон – 8,8%, деректерді табыстау қызметтері мен телематикалық қызметтер – 6,5% (одан – Интернет – 2,9%), радиобайланыс, радиохабар тарату, телевизия – 3,7%, пошта – 2,8%. Табыстардың жалпы көлемінен 33,7% халыққа байланыс қызметін көрсетуден алынған.

Ұялы байланыс аса серпінділікпен дамыды (2003 жылмен салыстырғанда 2004 жылы қызмет көлемі 57,1% өсті), әмбебап таксофондарға арналған смарткарталар 9,1% көп сатылды, Интернеттен түскен табыс 58,6%-ға, курьерлік байланыстан – 18,5%-ға, телеграфты? байланыстан – 32,9%-ға өсті.

2004 жылғы қаңтар-желтоқсанда 105,2 млн. бірлік мерзімдік басылым таратылды, 34,2 млн. хат, карточка және бандероль, 1,6 млн. посылка, 0,9 млн. ақшалай аударымдар жіберілді, бұл 2003 жылдың тиісті кезеңіндегі көлемнен тиісінше 15,6%, 81,6%, 17,2% және 12,4%-ға көп. Қалааралық телефонмен сөйлесу трафигі 2004 жылғы қаңтар-желтоқсанда 1876,2 млн. минутты құрады, 2003 жылдың тиісті кезеңінде – 1724,8 млн. минут болған.

Алдын ала деректер бойынша 2005 жылғы қаңтарында байланыс кәсіпорындары 14,1 млрд. теңгенің қызметін көрсетті.

2004 жылғы қаңтарында байланыс қызметінен түскен табыстар құрылымында қалааралық байланыстың үлесі 25,5%, сымсыз байланыс - 36,1%, жергілікті телефон - 8,8%, деректерді табыстау қызметтері мен телематикалық қызметтер - 6,5%. Табыстардың жалпы көлемінен 33,5% халыққа байланыс қызметін көрсетуден алынған.

2.7 САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТТЕР

2005 жылы қаңтарда бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 92,5 млрд. теңге құрап, 2004 жылғы тиісті айымен салыстырғанда 9,9% өсті (тұрақты бағаларда), 2004 жылғы желтоқсан айымен салыстырғанда 15,4% төмендеді.

Жеке меншік нысанындағы кәсіпорындардың тауарлар сатуынан және жеке кәсіпкерлер саудасынан алынған айналым 91,6 млрд. теңге (99,1%) болды, басқа мемлекеттердің кәсіпорындарынан, олардың заңды тұлғалары мен азаматтарынан 0,8 млрд. теңге (0,9%) түсті. Республикадағы мемлекеттік сауда үлесі мардымсыз.

Республиканың көтерме сауда тауар айналымы 2005 жылдың қаңтарында 142,7 млрд. теңгені құрап, 2004 жылдың тиісті кезеңіндегіден 6,2% артық болды. Алынған тауар айналымының негізгі көлемін мемлекеттік емес секторының кәсіпорындары қамтамасыз етуде.

2005 жылдың қаңтарында қоғамдық тамақтандыру қызметін көрсету көлемі 2313,6 млн. теңгені құрады, және 2004 жылдың тиісті айымен салыстырғанда 12,6%-ға өсті.

2005 жылдың қаңтарындағы мемлекеттік емес сектордың қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының айналымы 2286,8 млн. теңге сомасында болды, бұл кәсіпорындардың көлемі қоғамдық тамақтандыру қызметтерін көрсетудің жалпы айналымының 98,8% құрады. Қоғамдық тамақтандыру қызметтерін көрсету саласында мемлекеттік меншік нысанындағы кәсіпорындардың үлесі өте аз (1,2%).

Талдау жасалған айда техникалық қызмет көрсету және автомобильдерді, мотоциклдерді жөндеу және тұрмыстық бұйымдар мен жеке пайдаланатын заттарды жөндеу бойынша қызмет көрсету көлемі 0,6 млрд. теңге болды, олардың үлкен бөлігін жеке меншік нысанындағы кәсіпорындар ұсынады.

3. ШАҒЫН БИЗНЕС МОНИТОРИНГІ

Бұл бөлімде республикадағы шағын кәсіпкерліктің дамуының маңызды аспектілерін сипаттайтын шағын бизнес кәсіпорындарының (заңды тұлғалар) және шаруа (фермер) қожалықтарының жедел деректері берілген.

Есеп беру айдағы берілген деректер нақтыланған есептеу әдісімен есептелінген. Саны мен тауарларды шығару, жұмыстар мен қызметтер көрсету бойынша есептелінетін нормативтер қайта қарастырылды. Келтірілген нормативтер бойынша заңға сәйкес, шағын бизнеске жататын кәсіпорындардың есеп берген деректері қолданылды. «Өткізуден түскен табыс» көрсеткішінің орнына «тауарларды шығару, жұмыстар мен қызметтер көрсету» көрсеткіші қолданылды. Бұл нормативтер маусымдық коэффициентті есепке алып есептелген. Динамикалық қатарлар нақтыланған есептеу әдісімен қайта қарастырылады.

2005 жылдың 1 ақпанында Статистикалық тіркелім деректері бойынша республикада 146,1 мыңға жуық шағын бизнес кәсіпорындары тіркелді, бұл көрсеткіш 2005 жылдың 1 қаңтарымен салыстырғанда 0,7%-ға жоғары. Тіркелген кәсіпорындардың 71,6% жұмыс істеп тұрған болып табылды, яғни экономикалық қызметті жүзеге асырған немесе әлеуметті жүзеге асыра алатын кәсіпорындар. 2005 жылдың қаңтарында 51,5 мыңнан аса кәсіпорындар белсенді жұмыс істеді (жұмыс істеп тұрғандар санының 49,2%).

Белсенді кәсіпорындардың көпшілігі (37,6%) саудаға, автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдарды және жеке пайдаланатын заттарды жөндеуге маманданады , өйткені қызметтің бұл түрі шағын бизнес кәсіпорындарына кеңінен таралған. Өнеркәсіптік қызметпен 13% белсенді кәсіпорындар қамтылды, оның көпшілігі өңдеу өнеркәсібіне келеді (жалпы өнеркәсіп кәсіпорындары санының 89,3%).

Өңірлер бөлінісінде белсенді кәсіпорындардың басым көпшілігі Алматы қаласына (29,1%) және Астана қаласына (9,8%), сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан (8,4%) және Шығыс Қазақстан (7,4%) облыстарына келеді.

2005 жылдың 1 ақпанына республиканың шағын бизнес кәсіпорындарында жұмыспен қамтылғандар саны есептелген деректер бойынша 461,8 мың адам. Шағын бизнес кәсіпорындарының барлық жұмыспен қамтылғандардың 26,8% саудаға, автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдарды және жеке пайдаланатын заттарды жөндеуге, құрылысқа -16,4% және өнеркәсіпке - 17,9% келеді.

Өңірлер бөлінісінде жұмыспен қамтылғандардың көпшілігі Алматы қаласындағы (барлық жұмыспен қамтылғандардың 21,7%) және Астана қаласындағы (6,7%), сондай-ақ Шығыс Қазақстан (10,1%) және Қарағанды (7,7%) облыстарындағы шағын бизнес кәсіпорындарына келеді.

2005 жылғы ақпандағы тауарлар шығару 40062,3 млн. теңгені құрады Есептелген деректер бойынша өз қызметін саудаға, автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдарды және жеке пайдаланатын заттарды жөндеу, құрылыс (22%) және өнеркәсіп - (18%) саласында жүзеге асырған шағын бизнес кәсіпорындары жалпы шығарымның 27,2% жуығын алды.

Ауыл шаруашылығы саласында шағын бизнес шаруа (фермер) қожалықтарының дамуымен сипатталады. 2005 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша республикада 83% жұмыс істеп тұрған 177,1 мыңнан астам шаруашылықтар тіркелді.

4. СЫРТҚЫ САУДА

(Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің деректері бойынша)

4.1 СЫРТҚЫ САУДА АЙНАЛЫМЫ

Қазақстан Республикасының **сыртқы сауда айналымы** кеден статистикасының ұйымдаспаған сауда есебінсіз деректері бойынша 2004 жылы 32877,5 млн. АҚШ долларын құрады және өткен жылмен салыстырғанда 54%-ға өсті, соның ішінде экспорт - 20096,2 млн. АҚШ долларын құрап, 56%-ға өсті, импорт (тасымалдау және сақтандыру шығыстарын есепке алғанда) - 12781,3 млн. АҚШ доллары, 52%-ға өсті.

2004 жылы экспорттың жалпы көлемінде 2003 жылмен салыстырғанда азық-түлік тауарлары мен оларды өндіруге арналған шикізаттың үлес салмағы 2 пайыздық пунктке және де металлургия өнеркәсібі өнімдері үлесі 1 пайыздық пунктке қысқарды, мұның өзінде минералдық өнімдер үлесі 4 пайыздық пунктке артты.

Қазақстан өнімдерінің негізгі сатып алушылары: Швейцария (18,7%), Италия (15,5%), Ресей Федерациясы (14,1%), Қытай (9,8%), Франция (7,3%), Виргин аралдары (3,8%), Иран (3,5%), Нидерланд (2,3%), Израиль мен Португалия (1,6%-дан), Әзірбайжан, Испания, АҚШ пен Украина (1,4%-дан) болып табылады.

Талдау кезеңі ішінде экспорттың жалпы көлеміндегі ТМД елдерінің үлесі 20,4%-ды құрады (2003 жылы - 23,1%).

2004 жылы 2003 жылмен салыстырғанда импорттың жалпы көлемінде минералдық өнімдер үлесі 3 пайыздық пунктке, металлургия өнеркәсібі өнімдері үлесі 1 пайыздық пункттен артты, мұның өзінде химия өнеркәсібі өнімдері үлесі 2 пайыздық пунктке және азық-түлік тауарлары мен оларды өндіруге арналған шикізат үлесі 1 пайыздық пунктке қысқарды.

Инвестициялық тауарлар 2004 жылы импорттың жалпы көлемінде 5871,0 млн. долларды немесе 45,9 % (2003 жылы - 3793,5 млн. долларды немесе 45,1%) құрады.

2004 жылы барлық импорттық жеткізілімдердің 47,9% ТМД елдерінің еншісінде болды (2003 жылы - 46,8%). Импорт өнімдерінің негізгі жеткізушілері: Ресей Федерациясы (импорттың жалпы көлемінен - 37,7%), Германия (8,2%), Қытай (5,9%), Украина 5,7(%), АҚШ (4,4%), Италия (3,3%), Жапония (3,1%), Түркия (2,7%), Франция (2,5%), Ұлыбритания (2,4%), Корей Республикасы (1,9%), Өзбекстан (1,8%), Нидерланд (1,4%) болып табылады.

4.2 ТМД МЕМЛЕКЕТТЕРІМЕН СЫРТҚЫ САУДА

2004 жылы ТМД елдерімен сыртқы сауда айналымы 10215,1 млн. АҚШ долларын құрады және 2003 жылмен салыстырғанда 48%-ға өсті, соның ішінде экспорт - 4097,2 млн. доллар, 38%-ға өсті, импорт - 6117,9 млн. доллар, 56%-ға өсті.

Жалпы тауар айналымындағы ТМД мемлекеттерінің үлесі 31,1% (2003 жылы - 32,4%) құрады.

2004 жылы ТМД мемлекеттеріне шығарылған тауарлардың жалпы көлеміндегі минералдық тауарлардың үлес салмағы 54% (2003 жылы - 51%), азық-түлік тауарлары - 17% (18%), химиялық тауарлар - 10% (10%)-ды құрады.

2004 жылы ТМД мемлекеттерінен әкелінетін тауарлардың көлеміндегі машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, приборлар мен аппараттар үлесі 29% (2003 жылы - 30%), минералдық өнімдер - 28% (23%), металлургиялық өнімдер - 15% (15%), химиялық тауарлар - 12% (15%) құрады.

ТМД мемлекеттері минералдық, химиялық және металлургиялық өнімдердің негізгі жеткізушісі болып табылады: 2004 жылы осы елдерден әкелінетін минералдық ресурстардың көрсетілген тауарлардың жалпы әкеліміндегі үлесі 91% (2003 жылы - 89%), металлургиялық өнімдер - 56% (58%), азық-түлік тауарлары - 49% (46%), химиялық тауарлар - 43% (47%) құрады.

4.3 ӘЛЕМНІҢ БАСҚА ЕЛДЕРІМЕН СЫРТҚЫ САУДА

2004 жылы әлемнің басқа елдерімен сыртқы сауда айналымы 22662,4 млн. АҚШ долларын құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 57% - ға өсті, соның ішінде экспорт - 15999,0 млн. АҚШ доллары, 61%-ға өсті, импорт - 6663,4 млн. АҚШ доллары, 49%-ға өсті.

Минералдық шикізаттың әлемнің басқа елдеріне шығарылған тауарлардың жалпы көлеміндегі үлес салмағы 2004 жылы 72% (2003 жылы - 68%), металлургия өнеркәсібі өнімдері - 21% (23%) құрады.

2004 жылы әлемнің басқа елдерінен әкелінген тауарлар көлеміндегі машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, приборлар мен аппараттар үлесі 56% (2003 жылы - 54%), азық-түлік тауарлары - 7% (8%), химиялық тауарлар - 14% (15%), металлургия өнеркәсібі өнімдері - 11% (9%) құрады.

Аса маңызды тауарлармен ел қажеттілігін қамтамасыз етуде әлемнің басқа елдері үлкен роль атқарады: осы елдерден әкелінген машина жасау өнімдерінің көрсетілген тауарлардың жалпы әкеліміндегі үлесі 2004 жылы 68% (2003 жылы - 68%), фармацевтикалық тауарлар - 85%) (81%), киім - 85% (87%), азық-түлік тауарлары - 51% (54%) құрады.

5. ТАУАР РЫНОКТАРЫ

5.1 ӨНІМНІҢ (ТАУАРЛАРДЫҢ) ЖЕКЕЛЕГЕН ТҮРЛЕРІНІҢ РЕСУРСТАРЫ

2004 жылдың қаңтар-желтоқсанында республиканың экономикалық айналымына енгізілген отынның негізгі табиғи түрлерінің (мұнайдың, газ конденсатын қоса, табиғи газ бен тас көмірдің) жалпы ресурстары 170,1 млн тонна шартты отынды құрады, бұл 2003 жылғы қаңтар-желтоқсандағы деңгейден 21,0% жоғары. Республиканың табиғи отын ресурстарының құрамында мұнай, газ конденсатын қоса – 52,7%, тас көмір – 33,3% және табиғи газ – 14,0% алады.

2004 жылдың қаңтар-желтоқсанында отын-энергетикалық ресурс 72,1 млрд. кВт.с электр энергиясын (2003 жылдың қаңтар-желтоқсанынан 7,0% көп), 20,7 млрд. шаршы метр табиғи газды (30,0% көп), 53,8 млн. тонна шикі мұнайды (12,8% көп), 8,8 млн. тонна газ конденсатын (45,0% көп), 87,3 млн. тонна көмірді (2,4% көп) құрады.

Республикада табиғи газ рыногының 43,6% өз өндірісінен және 56,4% импорттан қалыптасты. Мұнай мен көмірдің ресурстары негізінен республикада өндіру есебінен (94,0% және 99,5% ресурстардың жалпы көлемінен тиісінше) қалыптасты.

2004 жылдың қаңтар-желтоқсанында өңдеуге түскен мұнай мен газ конденсатының көлемі 6,1 мың тоннаны құрады (ресурстардың жалпы көлемінің 11,3%). Мұнай өнімдерінің ресурстары негізінен (70,6%, ресурстардың жалпы көлемінен – 99,7%) елдің өз өндірісінен қалыптасады. Мұнай өнімдері рыногында республика кәсіпорындарының толық жүктелмеуіне байланысты олардың импорты орын алып отыр. Мәселен, 2004 жылдың қаңтар-желтоқсанында ресурстардың жалпы көлеміндегі импорттың үлес салмағы: бензин – 29,4%, газойль – 15,4%, жағатын мазут – 6,0%, сұйытылған пропан мен бутан – 0,3% болды.

Тұтыну тауарларының ресурстарын қалыптастыру бір келкі болмай отыр. 2004 жылдың қаңтар-желтоқсанында азық-түлік тауарларының, яғни, минералды сулар мен алкогольсіз сусындардың (ресурстық өндіру 94,7% құрады), макарон өнімдерінің (91,8%), қанттың (91,4%), ет пен құстың (89,5%), алкоголь өнімдерінің (85,6%), сүт өнімдерінің (79,3%) қомақты көлемін, дайындалған және консервіленген балықтан басқа (импорт ресурстардың жалпы көлемінің 58,7% құрады), отындық өндірушілер өндірді.

Азық-түлік емес тауарлардың ресурстарын толықтыру оларды республикада өндірумен қатар басқа елдерден әкелу арқылы да жүргізілді. Мысалы, кілем және кілем бұйымдарының импорты 2004 жылдың қаңтар-желтоқсанында ресурстардың жалпы көлемінің 98,8%, кір жуатын машиналар – 81,0%, магнитофондар мен басқа да дыбыс жазатын аппаратуралар – 62,9% құрады.

5.2 ИМПОРТТЫ АЛМАСТЫРУ ТУРАЛЫ

Импортты алмастыру бағдарламаларының шегінде қарастырылатын өндірістік-техникалық мақсаттағы кейбір өнім түрлерінің ресурстары оларды республикада өндіру есебінен (57,9% дан 98,5% - ға дейін) қалыптасты. 2004 жылдың қаңтар-желтоқсанында цемент өндіру ресурстардың жалпы көлемінің 74,3% алды. Бұл оларды ішкі рынокта өткізуді арттыруға едәуір дәрежеде мүмкіндік туғызады.

Пневматикалық доңғалақтардың (ресурстардың жалпы көлемінің – 100,0%), тракторлардың (99,3%), кадмий аккумуляторларының (88,2%), сұйықтық есептеуіштер (86,7%), бояулар мен сырлардың (72,9%) ресурстары негізінен бұрынғыдай басқа елдердің импорты есебінен қалыптасуда.

Импорт жекелеген тұтыну тауарларының ресурстарын қалыптастырудың ажырамас бөлігі болып қалуда. Мәселен, 2004 жылдың қаңтар-желтоқсанында 2003 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда шай мен кофенің (ресурстардың жалпы көлемінің – 65,5%), шоколадтың, шоколад пен қанттан жасалған өнімдердің (57,3%), жуу құралдарының (74,9%), сабынның (96,1%), аяқ киімнің (75,6%) ресурстары басқа елдердің импорты есебінен қалыптастырылды.

2004 жылдың қаңтар-желтоқсанында шай мен кофенің отандық өндірісі 2003 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 47,3%-ға, өсімдік майы - 10,7%-ға, маргарин мен соған ұқсас өнімдер - 9,3%-ға, шоколад, шоколад пен қант тағамдарынан жасалған өнімдер – 7,5%-ға өскені байқалады, талданып отырған кезеңде олардың ресурстарын қалыптастыру республикада өндіру есебінен тиісінше 34,5%-ға, 73,9%-ға, 59,6%-ға, 42,7%-ға жүзеге асырылды.

Республиканың тұтыну рыногында сабынды, жуу құралдарын, мақта маталар негізінен Ресей (70,4%-84,1% импорттың жалпы көлемінен), аяқ киімді Қытай мен Ресей (тиісінше 52,8% және 20,3%) өндірушілері ұсынған.

6. ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Қаржы емес активтерге инвестициялар

2005 жылғы қаңтарда қаржы емес активтерге жұмсалған инвестициялардың бағалау көлемі (материалдық айналым қаражатының қорларын толтыратын инвестицияларсыз) 98,2 млрд. теңгені құрады, оның 97,1 млрд. теңгесі (98,8%) негізгі капиталға жұмсалған инвестицияларға келеді.

Негізгі капиталға инвестициялар

2005 жылғы қаңтарда негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар 97,1 млрд. теңге болды, бұл 2004 жылғы қаңтармен салыстырғанда 1,6%-ға көп.

2005 жылғы қаңтарда инвестицияның өсуі 2004 жылғы қаңтармен салыстырғанда республиканың 14 өңірінде байқалды. Ең көп өсуі Қарағанды (3,2 есе), Маңғыстау (2,7 есе), Қызылорда (2,4 есе) облыстарында байқалды. Атырау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Алматы, Ақтөбе, Ақмола, Шығыс Қазақстан облыстарында инвестицияның өсуі 1,8-1,2 есе құрады, Астана және Алматы қалаларында - тиісінше 1,5 және 1,2 есе.

2004 жылғы қаңтармен салыстырғанда инвестиция көлемінің төмендеуі Жамбыл (3,3 есе), Батыс Қазақстан (2,6 есе) облыстарында байқалды.

2005 жылғы қаңтарда шаруашылық жүргізуші субъектілердің меншікті қаражаттары (58,6%) және шетел инвестициялары (35,8%) негізгі капиталға қаражат салудың негізгі көздері болып табылады. Қарыз қаражаты 3,5%, бюджеттік қаражаттар - 2,1% құрады.

Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың негізгі көлемін жеке меншік нысанындағы кәсіпорындар және ұйымдар (59,2%), сондай-ақ қызметін Қазақстан Рсспубликасы аумағында жүзеге асыратын басқа мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері (37%) игереді. Мемлекеттік сектор үлесі – 3,8%.

Мұнай және табиғи газ өндіру (негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың жалпы көлемінен 36,8%), жылжымайтын мүлікпен операциялар (27,7%), өңдеу өнеркәсібі (14,3%), көлік және байланыс (10%) басым салалар болып табылады.

Шетел инвестицияларының негізгі көлемі геологиялық барлау және іздестіру жүргізуге (50,7%), сондай-ақ кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындарының негізгі қаражаттарын құруға (23,9%) бағытталды.

Шетел инвестицияларының жалпыреспубликалық көлемінің қомақты үлесі Атырау (68,4%) және Қарағанды (23,6%) облыстарында игерілді.

7. БАҒА

7.1 ТҰТЫНУ БАҒАЛАРЫ

2005 жылдың қаңтарында республиканың **тұтыну рыногында** тауарлар мен қызмет көрсету бағасы өткен аймен салыстырғанда 0,8%-ға, өткен жылдың осыған ұқсас кезеңінде – 0,7%-ға өсті. Ағымдағы жылдың қаңтарындағы инфляцияда азық-түлік тауарларының "салымы" 0,5%, ақылы қызметтер – 0,3% құрады, бағаның көтерілуі бәрінде бірдей – 1%-дан болды. Азық-түлік емес тауарлардың баға индексі 100% құрады. 2005 жылдың қаңтарында базалық инфляция (көкөніс пен жеміс, көмір мен бензин бағаларының көтерілуін есепке алмағанда) 0,7% болды (2004 жылдың қаңтарында – 0,6%).

Ағымдағы жылдың қаңтарында **азық-түлік тауарларының** рыногында көкөністер мен жемістер бағасының аса көп – 5,1% -ға көтерілгені тіркелді (2004жылдың қаңтарында – 4,1%-ға, 2003жылдың қаңтарында – 9,4%-ға). Жұмыртқа өткен жылдың қаңтарында 0,1%-ға арзандағанына қарағанда 1,7%-ға қымбаттады. Сүт және сүт өнімдеріне бағаның маусымдық өсуі 1,2% құрады (өткен жылдың қаңтарында 1,4%). Ет және ет өнімдерінің барлық түрлері бағаларының өсу қарқыны белгіленді: ет пен құсқа 2004жылдың қаңтарында – 0,3%-дан ағымдағы жылдың өткен айында 0,6% дейін, шұжық өнімдері – 0,2%-дан 1,2% дейін өсті. Ағымдағы жылдың басында ұнның бағасы тұрақтанды (2004жылдың қаңтарында – 4,8%-ға өсті). Қант пен өсімдік майының бағасы ең аз өскені (0,1%-дан) тіркелді. Тоңмай өнімдері арасынан сары май бағасы 0,6%-ға көтерілді.

Күнкөрістің ең төменгі шамасы халықтың орташа есеппен жан басына шаққандағы негізгі тамақ өнімдерінің ең төменгі тұтыну мөлшерінен есептеп шығарғанда ағымдағы жылдың қаңтарында 2004 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 1,8%-ға өсіп 5743 теңгені құрады (тамақ өнімдері – 4020 теңге, азық-түлік емес тауарлар және ақылы қызмет көрсету – 1723 теңге). Оның құрылымындағы ет пен балық сатып алуға жұмсалған шығыстардың үлесі 22,7%, сүт, тоңмай өнімдері мен жұмыртқа – 20,6%, нан өнімдері – 11,8%, көкөністер мен жемістер – 10,7%, қант, шай және дәмдеуіштер – 4,2% болды.

Азық-түлік емес тауарлардың ішінен киім, аяққиім, үй тұрмысында пайдаланылатын заттар, жеке гигиена заттарының бағасы 0,4-0,6%-ға өсті. Қысқы киімдер мен аяққиімдердің кейбір түрлері 1-1,6%-ға, газеттер мен журналдар – 2,3%-ға қымбаттады. Соңғы жылдары қыс айларында бензин мен жанар-жағар май материалдары бағасының төмендеуі байқалды, ағымдағы жылдың қаңтарында едәуір көп – 5,5% болды (2004жылдың қаңтарында – 3,7%, 2003жылдың қаңтарында – 1,5%) және инфляцияға теріс салым енгізді.

Ағымдағы жылдың қаңтарында **ақылы қызмет көрсету** саласының бағасы мен тарифтері 1%-ға, 2004жылдың қаңтарында – 0,2%-ға өсті. Жолаушылар көлігіндегі жол ақысы 2,3%-ға көтерілді (темір жол көлігінде – 7,8%-ға, автомобиль көлігінде – 1,1%-ға, әуе көлігінде – 0,8%-ға). Тұрғын үй-коммуналдық саласында 2004жылдың қаңтарында олардың 0,1% төмендеуіне қарағанда, бағаның өсуі өткен айда 1% құрады (газбен жабдықтау – 2%, сумен жабдықтау және тұрғын үйді ұстау – 0,9-1%). Сондай-ақ өткен жылғы сияқты мектепке дейінгі балалар мекемелерінің қызмет көрсету бағалары – 1,3%-ға (2004жылдың қаңтарында – 0,7%-ға), денсаулық сақтау – 0,6%-ға (на 0,9%) өскені байқалды.

Ағымдағы жылдың қаңтарында халықтың табысы ең төмен топтарына арналған тұтыну бағаларының индексі 2004жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 100,9%, табысы ең көп топтарына – 100,7% құрады.

2005жылдың қаңтарында тұтыну тауарлары мен қызметтері бағаларының өсімі 2004жылдың желтоқсанымен салыстырғанда әрбір екінші өңірде 0,4-0,6%, әрбір үшінші өңірде – 0,7-0,9%, әрбір екі – 1,1% және 1,5% құрады.

Ағымдағы жылдың қаңтарында экономиканың тұтыну секторында баға өсімінің қарқыны, дефляция байқалған өнеркәсіптегі олардың өзгерістерінен едәуір асып түсті.

2004-2005 жылдардағы инфляция және өндірушілер бағаларының өзгеруі

өткен айға пайызбен, өсуі +, кемуі -



7.2 ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНДАҒЫ БАҒАЛАР

Өндірістік сипаттағы қызметтердің есебімен өнеркәсіп өнімдерін өндіруші-кәсіпорындардың бағасы ағымдағы жылдың қаңтарында 2004 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 1,8%-ға төмендеді, өндірілген өнім - 2%-ға, ал өндірістік сипаттағы қызметтер – 0,5%-ға өсті. Соңғы бағыт бойынша сыныпталған өнімдердің тобындағы аралық тұтынатын тауарлар 2,6%-ға арзандады, өндіріс құралдары - 2,1%-ға, тұтыну тауарлары - 0,6%-ға қымбаттады.

Өнеркәсіптегі бағалардың төмендеуі кен өндіру өнеркәсібіндегі өзгерістен туындаған, онда олардың деңгейі ай ішінде 4,4%-ға төмендеді. 2004 жылдың соңында әлемдік рыноктағы мұнайдың арзандауы, республикадағы оны өндіру бағасының үстіміздегі жылдың қаңтарында 5%-ға кемуіне себепші болды. Бұл мұнай өнімдерін өндірушілер бағасының 1%-ға, автомобиль бензині –1,2%-ға, дизельдік отын – 0,5%-ға, жағатын мазут – 1,8%-ға төмендеуіне әкеліп соқтырды. Ішкі рыноктағы көмірдің қымбаттауы және қысқы кезеңдегі оған сұраныс республикада осы қатты отын өндіру бағасының 0,2%-ға көбеюін анықтады. Табиғи газды өндірушілердің бағасы өзгеріссіз қалды, ал электр энергиясы 1,7 %-ға өсті, ол энергоөндіруші кәсіпорындарымен сатып алынған өндірістік ресурстардың 0,9%-ға және өңірлік деңгейдегі электр желілері бойынша электр энергиясын тасымалдау тарифтері 4,4%-ға көтерілуіне мүмкіндік туғызды. Бүтіндей бір ай ішіндегі энергоресурстардың бағасы 4,1%- төмендеді (2004 жылдың қаңтарында –2%-ға көтерілген).

Энергоресурстардың жекелеген түрлеріне 2004-2005 жылдардың қаңтарындағы кәсіпорын-өндірушілердің баға индексі

өткен жылдың желтоқсанына пайызбен



Өткен айда өңдеу өнеркәсібіндегі бағалардың деңгейі 0,8%-ға көтерілді, соның ықпалымен металлургия өнеркәсібінде олар 1,3%-ға өсті. Ішкі сауда конъюнктурасының қолайлылығынан республикада өңделмеген алюминий 27,4%-ға, мыс –11,7%-ға, қорғасын – 9,4%-ға, түсті металл бүтіндей – 10,3%-ға қымбаттады. Осы кезең ішінде қазақстандық өндірушілердің қара металл илектері керісінше, 10,9%-ға арзандады, бір жағынан ол өндіру кезінде пайдаланатын өндірістік ресурстар бағасының 2,8%-ға төмендеуі есебінен болды.

Машина жасау өнеркәсібінде ағымдағы жылдың қаңтарында 2004 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда бағалардың өсуі ауыл шаруашылығы машиналарына 5,2%-ға белгіленген. Тоқыма және тігін бұйымдарына кәсіпорын-өндірушілердің бағасы импортқа шығарылатын аналогтардың бәсекелестігі салдарынан 1,2%-ға төмендеді, ал аяқ киім тек қана 0,3%-ға өсті.

Республикада өндірілген тамақ өнімдері, бір ай ішінде 0,3%-ға қымбаттады, ол осы салаға кәсіпорындармен сатып алынған шикізат пен материалға бағаның 1,3%-ға көтерілуі есебінен болды. Өткен айда жылдың осы мезгіліне сәйкес сүт өнімдеріне бағаның өсуі 1,7%-ға байқалған, ол маусымдық өндіруден туындаған. Мал мен құс етін өткізу бағасының көтерілуі аграрларда өнеркәсіп өндірісіндегі ет өнімдері бағасының 0,2%-ға өзгеруіне себепші болды. Қант өндірушілер бағасының 1,2%-ға өсуі, қант-шикізатының 4,2%-ға қымбаттауына байланысты. Сонымен қатар астықтың арзандауы аграрларда қайта өңделген өнімдерге 1,4%-ға бағаның төмендеуіне мүмкіндік туғызды.

Ағымдағы жылдың қаңтарында өндірістік сипаттағы бақыланған қызметтерден алатын болсақ, 2004 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда тарифтердің өсуі тұтынушыларды қамтамасыз ету кезінде ыстық су – 2%-ға, салқын су –1,4%-ға, құбырлар бойынша газ тәріздес отынды тарату – 0,3%-ға тіркелген.

Технологиялық процесс үшін өнеркәсіп кәсіпорындарымен сатып алынған өндірістік ресурстардың баға индексі, ағымдағы жылдың қаңтарында 2004 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 99,8% құрады. Республикада сатып алынған шикізат пен материалдың бағасы 0,4%-ға, алыс шетелде – 1,2%-ға төмендеді, ТМД елдерінде - 1,3%-ға көтерілді.

Шетелге шығарылатын тауарлардың бағасы, 2004 жылдың желтоқсанын қарашамен салыстырғанда 3,7%-ға төмендеді, ол 2003 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда – 48,8%-ға жоғары, алыс шетелдерде – тиісінші 5,2%-ға және 45,1%-ға, жақын шетелдерде – 0,5% және 60%-ға өсті.

Соңғы бағыт бойынша сыныпталған экспортқа шығарылатын өнімдердің тобынан, 2004 жылдың желтоқсанын қарашамен салыстырғанда шикізат 5,4%-ға арзандады, дайын тауарлар – 1,2%-ға, жартылай фабрикаттар - 1%-ға қымбаттады. Республикадан әкетілген минеральдық өнімдердің бағасы осы кезең ішінде 5,7%-ға, газ конденсаты – 14,1%-ға, мұнай – 7,2%-ға, қайта өңделген оның өнімдері – 8%-ға төмендеді. Жай металдардың бағасы 1,5%-ға көтерілді, ол түсті металдардың 3,9%-ға қымбаттауы, бір мезгілде ферроқорытпалардың 0,6%-ға және қара металл илектерінің - 0,3%-ға арзандауы есебінен болды.

Республикаға әкелінген өнімдердің баға индексі, 2004 жылдың желтоқсанын қарашамен салыстырғанда 102,3% құрады, 2003 жылдың желтоқсаны – 126,3%, Достастық мемлекеттерде – тиісінше 104,3% және 139,3%, әлемдегі қалған мемлекеттерде – 99,1% және 108,9% болды. 2004 жылдың желтоқсанында импортқа шығарылатын тауарлар қарашамен салыстырғанда бағаның елеулі өсуі сүрекке – 6,2%-ға, жай металдар – 5,5%-ға және химиялық тауарлар – 4,3%-ға, ал машиналар мен жабдықтар – тек қана 0,6%-ға белгіленген.

Ағымдағы жылдың қаңтарында **ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу бағасы** 2004 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 0,8%-ға көтерілді (өткен жылдың осы кезеңінде–1,4%-ға өсті).

Дәстүрлі әрбір жыл басында жұмыртқаның 4,7%-ға және сүттің – 7,2%-ға маусымдық қымбаттауы есебінен мал шаруашылығы өнімдері бағасының аса көп өскені байқалды. Сондай-ақ бұл мерзімі өткен айда ауыл шаруашылығы малдарына арналған дайын азық және кәсіпорын-өндірушілердің электр энергиясы бағаларының тиісінше - 7,5% және 1,4%-ға өсімімен байланысты. Мал мен құс түрлері ішінен құс етінің бағасы ең жоғары 1,8%-ға өскені тіркелді, ал шошқа мен түйе етінің бағасы 0,1%-дан төмендеді. Ағымдағы жылдың қаңтарында ірі қара мал бағасы 2004 жылдың желтоқсанына қарағанда 1,1%-ға, қой – 0,8%-ға, жылқы – 0,3%-ға жоғары өткізілді.

Өткен айда өсімдік шаруашылығы өнімдерінің бағасы 0,8%-ға төмен болды, 2004 жылдың қаңтарында олар 1,1%-ға өскен болатын. 2004 жылдың қыркүйегінде басталған рыноктағы астық бағасының түсуі, ағымдағы жылдың қаңтарында да созылды. Бір айда олардың төмендеуі тұтастай 0,9%, ал сұлыға – 1,9%, бидайға – 1,2% құрады. Сонымен бірге күріш пен жүгерінің бағасы 1,6-1,9%-ға өсті, қарақұмық пен тары бағалары –өзгерген жоқ. Өткен айда көкөніс 0,2%-ға қымбаттады, бұл 2004 жылдың қаңтарына қарағанда 0,6 пайыздық пунктке аз. Олардың түрлерінен парниктік өнімдер бағаларының аса көп өскені байқалды. Қиярдың бағасы 11,3%-ға, қызанақ –3,8%-ға, ал басты пияз 0,9%-ға, сәбіз бен картоп бағасы –0,6% жоғары болды.

Ағымдағы жылдың қаңтарында **құрылыстағы баға индексі** 2004 жылдың тиісті кезеңінде. – 100,2% болған мағынасын қайталап, өткен жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 100,3% құрады. Құрылыс өндірісі технологиялық құрылымы элементтері ішінен жобалау-іздестіру жұмыстарының бағасы 0,5%-ға, технологиялық жабдыққа –0,4%-ға, ал құрылыс-монтаж жұмыстарына - 0,1%-ға өсті.

Ағымдағы жылдың қаңтарында құрылыс ұйымдары сатып алған материалдар, бөлшектер және конструкциялар 0,1%-ға қымбаттады. Олардың негізгі түрлері арасынан жертөле қабырғаларының бетонды блоктарының бағасы 2,7%-ға, асбестцементтен жасалған табақтар және керамзиттік малтатас –1,5-1,7%-ға, тауарлы бетон, минералмақта және жылуоқшаулағыш тақталар –0,6-0,7%-ға, кірпіш пен керамикалық тақталар, құбырлар, терезе шынысы, портландцемент және құрылыс ерітінділері –0,2-0,4%-ға өсті. Орталықтан жылытуға арналған металлконструкциялар мен радиатор 0,8-1%-ға, ағашжаңқа тақталар және электр кабелі –0,3-0,4%-ға арзандады.

Ағымдағы жылдың қаңтарында **көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау тарифтерінің индексі** 2004жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 100% құрады. Автожол көлігі көрсететін қызмет 0,3%-ға қымбаттады, ал көліктің басқа түрлерінің жүк тасымалдау тарифтері– өзгерген жоқ.

8. ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ

8.1 МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бюджетінің орындалуы

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті. ҚР Қаржы министірлігінің жедел деректеріне сәйкес **2005 жылдың 1 қаңтарына** түскен түсім көлемі 1305,1 млрд. теңгені құрады (2004 жылдың 1 қаңтарына – 1022,3 млрд. теңге), берілген кредитті есепке алғандағы шығыстар – 1323,8 млрд. теңге (2004 жылдың 1 қаңтарына 1062,6 млрд. теңге). Бюджет тапшылығы 18,7 млрд. теңге деңгейінде анықталды. 2004 жылдың тиісті кезең көрсеткіштермен салыстырғанда түсімдер көлемі бойынша деректер 27,7%-ға, шығыстар (кредитті есепке алғандағы) 24,6%-ға өсті.

2005 жылдың 1 қаңтарына табыс жылдың нақтыланған бюджетке қатынасы бойынша 104,6%-ға, мемлекеттік бюджеттің шығындары – 97,1% орындалды.

Салық түсімдері құрылымында негізгі үлес корпоративтік табыс салығына – 32,3% (382,8 млрд. теңге) және ҚҚС (қосымша құн салығына) – 20,5% (243 млрд. теңге) келеді. Өткен 2004 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда салық түсімдері көлемінің ең көп өсімі табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін төлемдерде – 2,1 есе артқаны байқалады.

2005 жылдың 1 қаңтарына экономиканың өндірістік саласы шығындарының үлесі 21,2%, бюджеттің шығын көлемінен әлеуметтік қызмет көрсетуге 49,6% келеді. Төменде 2005 жылдың 1 қаңтарына мемлекеттік бюджеттің шығындар құрылымы келтірілген:



2005 жылдың 1 қаңтарына мемлекеттік бюджет дефицитін қаржыландырудың жалпы көлемі 24,2 млрд теңгені құрады. Түсімдердің жалпы көлеміндегі ішкі түсім үлесі 79,7% құрады (126,2 млрд. теңге). Мемлекеттік обьектілерін жекешелендіруден түскен түсімдер – 4,5% (7,1 млрд теңге) және бұл көрсеткіш 2004 жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда 2,1 есе артты. Бұдан басқа бюджетті қаржыландыруға 4,8 млрд. теңге бюджет қаражаттарының бос қалдықтары пайдаланылды.

2005 жылдың 1 қаңтарына республикалық бюджеттің барлық түсімдер көлемі – 978,4 млрд. теңге болды, бұл 2004 жылдың тиісті кезеңінің деңгейінен 35,5% артық (2004 жылдың 1 қаңтарына – 722 млрд. теңге). Өткен жылдың тиісті кезеңімен (768,9 млрд. теңге) салыстырғанда кредитті есепке алғандағы шығыстар 29,5% өсіп, 2005 жылдың 1 қаңтарына 995,6 млрд. теңгені құрады. Бюджеттің тапшылығы 17,2 млрд. теңге деңгейінде анықталды.

Есепті кезеңде **республикалық бюджет** түсімдерінің 91,5% табыстар құрады (олардың санында салықтар – 91,2%). Түсімдер көлеміндегі ресми трансферттер үлесі 6,8%.

Шығындардың негізгі бөлігі әлеуметтік салаға – 33,3% (315,8 млрд теңге) және өндірістік салаға - 21% (199,6 млрд теңге) келеді.

Қазақстан Республикасының жергілікті бюджетіне осы кезеңде түскені 609,4 млрд. теңге, бұл 2004 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 25,3% артық (2004 жылдың 1 қаңтарына түскені – 486,3 млрд. теңге), кредитті есепке алғанда шығыстар – 622,1 млрд. теңге, бұл 2004 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 29,8% ұлғайды (479,1 млрд. теңге). Бюджет тапшылығы 12,7 млрд. теңге деңгейінде анықталды.

Жергілікті бюджет шығындарының негізгі бөлігі ресми трансферттерге – 10,8% (66,7 млрд. теңге), өндірістік салаға – 19,5% (120,1 млрд. теңге) және әлеуметтік салаға – 55,8% (342,8 млрд. теңге) келеді.

Жекешелендіру

(Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің деректері бойынша)

2004 жылы тұтастай республика бойынша мемлекеттік бюджетке жекешелендірудің сатылған және сатып алынған объектілерінен 8688,7 млн. теңге түсті, соның ішінде:

республикалық бюджетке	6768,2 млн. теңге;
жергілікті бюджетке	1920,5 млн. теңге.

Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті және оның облыстық бөлімшелері 2004 жылы мемлекеттік мүліктің 2094 объектісін сатты, оның 58 бірлігін немесе жекешелендірілген объектілер санынан 2,8% акциялардың мемлекеттік пакеті және мемлекеттік қатысу үлесі, 21 бірлігін (1,0%) мемлекеттік кешендер, мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің бөлімшелері және құрылымдық бірліктері, 2015 бірлігін (96,2%) мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелердің айналымнан тыс активтерінің жекелеген түрлері, акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталына енгізілмеген, бірақ солардың балансында тұрған жылжымайтын мүлік пен әлеуметтік сала объектілері кіретін “өзге мемлекеттік мүлік” құрайды.

2004 жылы сатылған объектілердің жалпы санынан 49,2% (1031 бірлік) республикалық меншік және 50,8% (1063 бірлік) коммуналдық бірлік болып табылады.

2004 жылы экономикалық қызмет түрлері ішінде мемлекеттік объектілердің көбісі өңдеу өнеркәсібінде (орта есеппен бір объектінің сату бағасы 16,6 млн. теңге) және білім беру саласында (тиісінше 87,3 млн. теңге) шоғырланған. Ең қымбат объектілер қаржы қызметінде және кен өндіру өнеркәсібінде (орта есеппен бір объектінің сату бағасы тиісінше 1112,2 және 660,4 млн. теңге) болды.

Республикалық меншік объектілерінің көбісі 2004 жылы Астана (122 объект) және Алматы (114 объект) қалаларында, Қарағанды (117) және Шығыс Қазақстан (116) облыстарында орта есеппен бір объектінің сату бағасы бойынша (тиісінше, 322 мың теңге және 4100 мың теңге, 187 мың теңге және 639 мың теңге) жекешелендірілді. Өткен жылы коммуналдық меншік объектілерінің көбісі Солтүстік Қазақстан (сату бағасы 71274 мың теңге 136 объект) және Қарағанды (тиісінше, 61589 мың теңге және 145 объект) облыстарында жекешелендірілді.

2004 жылы ММЖК-нің Орталық аппараты ең қымбат объектілерді жекешелендірді: сату бағасы 6336 млн. теңге 20 объект, немесе орта есеппен бір объектіге 317 млн. теңгеге жуық.

Объектілерді жекешелендіру аукциондар (қатысушылар өз ұсыныстарын ашық мәлімдейтін сауда түрі), тендерлер (қатысушылар өз ұсыныстарын сатушының қалауы бойынша жабық конвертте жазбаша беретін немесе ашық мәлімдейтін сауда түрі), тікелей бәсірелі сату (объектілер тендерлік негізде жалға берілетін немесе кейін сатып алу құқығымен сенім білдірілген басқаруға берілетін жекешелендіру түрі) және қор биржасы (ұйымдастырылған, тұрақты қызмет ететін бағалы қағаздар рыногы) арқылы жүзеге асырылады.

2004 жылы кәсіпорындардың көбісі ашық аукциондар (ағылшын (көтеріңкі бастапқы бағамен) және голландық аукциондар (сату кезінде бастапқы баға жарияланған қадаммен төмендетіледі) арқылы, мардымсыз бөлігі – коммерциялық және инвестициялық тендерлер, тікелей бәсірелі сату және қор биржасы арқылы сатылды.

2004 жылы аукциондар арқылы “өзге де” санатына жататын (жылжымайтын мүлік, аяқталмаған құрылыс объектілері, жеке машиналар, жабдықтар, көлік құралдары) объектілердің 90,2%-ы сатылды. Еске сала кететін болсақ, объектілердің 53,7%-ы сауданың голландық әдісі арқылы (бастапқы бағаны төмендетіп) сатылған болатын, бұл, бірінші кезекте, сатуға қойылатын “өзге де объектілердің” көбісінің аз тартымдылығымен байланысты.

8.2 КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІ

Ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржы қызметі

2004 жылғы желтоқсан айының жедел деректеріне 1074 ірі және 3360 орта кәсіпорындардың (ұйымдардың) көрсеткіштері енгізілді. Есеп берген субьектілердің сальдоланған қаржы нәтижесі 105,7 млрд. теңге табыс ретінде анықталды (2003 жылдың желтоқсанында – 52,1 млрд. теңге), бұл көрсеткіш 2003 жылдың тиісті кезеңінің деңгейінен 2,1 есе жоғары. 2004 жылдың желтоқсанында кәсіпорындар мен ұйымдардың пайдалылығы тұтастай алғанда 23,6% болды.

Есепті айда жиынтықты кірістің негізгі бөлігі кен өндіру өнеркәсібі есебінен 45,3% немесе 47,9 млрд. теңге қалыптасты, соның ішінде шикі мұнай мен табиғи газ өндіретін кәсіпорындарда 78,7% немесе 37,7 млрд. теңге, өңдеу өнеркәсібінің үлесі –16,5% (17,4 млрд. теңге), көлік және байланыс үлесі – 28,9% (30,6 млрд.теңге) болды.

2003 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда оң қаржы нәтижелері кен өндіру өнеркәсібінде - 55,5% (30,8 млрд. теңге), өңдеу өнеркәсібінде – 31,8% (13,2 млрд. теңге) өскені байқалады.

Өңірлер бойынша табыстың жалпы нәтижесінен ең көп сомасы Астана қаласында – 39,2 млрд. теңге (37,1%), Алматы қаласында – 19 млрд. теңге (18%), Атырау – 15,6 млрд. теңге (14,8%), Маңғыстау – 12,4 млрд. теңге (11,7%), Ақтөбе – 10,6 млрд. теңге (10%), Қызылорда – 10,5 млрд. теңге (9,9%), Қарағанды облыстарында – 8,2 млрд. теңге (7,8%) болды.

2004 жылдың желтоқсанында есеп берген субъектілердің жалпы санының 40,8% (1810 бірлігі) 29 млрд. теңге сомада залалға ұшырады. Залалдың ең жоғары деңгейі шаруашылық серіктестер бойынша байқалады оларға барлық залал көлемінен 59% (17,1 млрд. теңге) келеді. Экономиканың өнеркәсіп секторы үлесіне залалдың жалпы көлемінен 43,5% немесе 12,6 млрд. теңге келеді. Бұл саладағы 590 залалды кәсіпорынның электр энергиясын, газ бен суды өндіру және бөлу бойынша 139 кәсіпорын үлесіне экономиканың осы секторы көлемінен 34,9% немесе 4,4 млрд. теңге залал және өңдеу өнеркәсібінің 393 субьектісіне 40,5% немесе 5,1 млрд. теңге залал келді.

Залалды кәсіпорындардың (ұйымдардың) ең көп үлес салмағы Ақмола облысында – 51,6 % (335 есеп берген кәсіпорынның – 173-і), Шығыс Қазақстан облысында – 49,6% (371 есеп берген кәсіпорынның – 184-і), Қарағанды облысында - 44,1% (349 есеп бергендердің – 154-і) белгіленді.

Орта және ірі кәсіпорындар мен ұйымдардың өзара есеп айырысу жайы

2005 жылдың 1 қаңтарына міндеттемелер бойынша берешектің жиынтық көлемі – 3910,6 млрд. теңге, одан мерзімі өткен берешектің үлесі – 4,1% (159,9 млрд. теңге) құрады. 2004 жылғы 1 қаңтарындағы деректермен салыстырғанда (3260,2 млрд. теңге) міндеттемелер көлемі 19,9% немесе 650,4 млрд. теңгеге ұлғайды, оның мерзімі өткен бөлігі 21% немесе 42,5 млрд. теңгеге кеміді (2004 жылдың 1 қаңтарына – 202,4 млрд. теңге).

Жалпы берешек міндеттемелер құрамында негізгі үлеске ие банктен тыс мекемелердің қарыздары – 25,4%, банктердің қарыздары – 19,9%. Міндеттемелердің жалпы көлемінің 57% (2229,3 млрд. теңге) және мерзімі өткен міндеттемелердің 70% (111,9 млрд. теңге) өнеркәсіп салаларында шоғырланған.

2005 жылдың 1 қаңтарына өңірлер бойынша міндеттемелер бойынша берешектің ең көп үлесі - Атырау облысына – 25,3% (989,7 млрд. теңге), Алматы қаласына – 18,1% (709,5 млрд. теңге), Астана қаласына – 16,8% (657,2 млрд. теңге) келеді.

2005 жылдың 1 қаңтарына жұмысшылар мен қызметшілердің жалақысы бойынша мерзімі өткен берешек жалпы жалақы бойынша берешектің (39,2 млрд. теңге) 8,9%-ын (3,5 млрд. теңге) құрады, оның 54,3% (1,9 млрд. теңгесі) ұзақтығы 3 айдан көп берешек.

Өңірлер бойынша жалақы бойынша берешектің аса көп үлесі - Қарағанды облысына – 20% (38 бірлікте 0,7 млрд. теңге), Маңғыстау облысына 11,4% (40 кәсіпорынға - 0,4 млрд. теңге) және Алматы қаласына – 17,1% (0,6 млрд. теңге, 18 бірлік) келеді.

Тұтастай алғанда кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша дебиторлық берешек – 2004 жылдың 1 қаңтарындағы деректермен (1499,1 млрд. теңге) салыстырғанда 21% өсіп 1813,8 млрд. теңгені құрады, одан мерзімі өткендері – 106,3 млрд. теңге немесе 5,9%. 2004 жылдың 1 қаңтарындағы деректермен салыстырғанда мерзімі өткен берешектің бөлігі 2,8% (109,4 млрд. теңгеге) азайды.

2005 жылдың 1 қаңтарына дебиторлық берешектің құрылымындағы негізгі көлем 43,6% (790,3 млрд. теңге) - сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің берешегі. Мерзімі өткен дебиторлық берешектің жалпы көлемінің 60,7% (64,5 млрд. теңге) сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің үлесіне тиеді.

8.3 АҚША-КРЕДИТ ЖҮЙЕСІ

Банк статистикасы*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша 2005 жылдың 1 қаңтарына ақша жиынының көлемі (М3)[1] 1634,7 млрд. теңгені құрады (2004 жылдың 1 қаңтарына – 971,7 млрд. теңге),

соның ішінде айналыстағы қолма-қол ақша (М0) – 379,3 млрд. теңге (2004 жылдың 1 қаңтарына – 238,3 млрд. теңге) болды. М3 көрсеткіші 2003 жылдың желтоқсан айының соңындағы деректермен салыстырғанда 68,2%-ға, 2004 жылдың 1 желтоқсанындағы көрсеткіштермен салыстырғанда –7,3 %-ға өсті. Ақша жиынының жалпы көлеміндегі қолма-қол ақша үлесі 2004 жылғы желтоқсан айының соңында 23,2% құрап, өткен кезеңмен салыстырғанда 0,5 пайыздық пунктке көбейді. 2005 жылдың 1 қаңтарына ақша базасының (резервтегі ақшаның) жалпы көлемі 577,9 млрд. теңгені құрады және өткен кезеңмен салыстырғанда 18,1%-ға өсті.

2004 жылдың желтоқсанындағы айналыстағы ақшалай қаражат эмиссиясы 36,2 млрд. теңгені құрады.

Депозиттік ұйымдардағы депозиттер[1] (резидент еместердің шоттарын есепке алмағанда) 2005 жылдың 1 қаңтарына 2003 жылдың желтоқсан айының соңындағы деректер деңгейінен (2004 жылдың 1 қаңтарына – 733,2 млрд. теңге) – 71,2%-ға, 2004 жылдың 1 желтоқсанындағы көрсеткіштерден – 6,6%-ға артып, 1255,4 млрд. теңгені құрады.

Депозиттердің жалпы көлеміндегі 35,1%-ды немесе 441,2 млрд. теңгені халық салымдары алып отыр, бұл 2004 жылдың 1 қаңтарындағы деректермен салыстырғанда (335,4 млрд. теңге) 31,5% артты. 2005 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша халық депозиттері (салымдары) 2004 жылдың 1 желтоқсанындағы деректермен салыстырғанда (414,2 млрд. теңге) 6,5%-ға өсті, соның ішінде ұлттық валютада – 13,6%-ға, ал шетел валютасында 1,9%-ға төмендеді. Халық депозиттерінің жалпы көлемінде ең көп үлес ұлттық валютасындағы салымдарға келеді - 58% (255,9 млрд. теңге).

Экономика саласындағы екінші деңгейдегі банктердің кредит салымдары 2005 жылдың 1 қаңтарына 1484,3 млрд. теңгені құрады (2004 жылдың 1 қаңтарына – 978,1 млрд. теңге), мұның 51,9%-ы (769,9 млрд. теңге) шетел валютасындағы кредиттерге келеді. Кредиттер 2003 жылдың желтоқсан айының соңындағы деректермен салыстырғанда 51,8%-ға, өткен аймен салыстырғанда 3,9%-ға өсті.

Кредит салымдарының жалпы көлемінде ұзақ мерзімді несиенің үлесі – 65,7%-ды немесе 975,4 млрд. теңгені құрады, бұл өткен аймен салыстырғанда 5%-ға (928,6 млрд. теңге), 2004 жылдың 1 қаңтарындағы (608,4 млрд. теңге) деректермен салыстырғанда 60,3%-ға өсті. Кредиттердің жалпы көлемінің ең көп үлесі саудада – 26,9%, өнеркәсіпте – 19,5%, құрылыста – 10,7% шоғырланған. 2005 жылдың 1 қаңтарына екінші деңгейдегі банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берген кредиттері кредит салымдарының жалпы сомасының 19,4%-ын (288,4 млрд. теңге) құрайды. Олардан негізгі үлес Алматы қаласында шоғырланған - 54% (155,7 млрд. теңге).

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша 2005 жылдың 1 қаңтарына кредит беру объектілеріне ақша қаражатын бөлу кезінде айналым қаражатын сатып алуға 604,1 млрд. теңге, негізгі қорларды сатып алуға 183,7 млрд. теңге бөлінді, бұл кредит салымдарының жалпы көлемінің (1484,3 млрд. теңге) тиісінше 40,7%-ын және 12,4%-ын құрайды.

ҚР Ұлттық Банкінің 2004 жылғы желтоқсанда валюта айырбастау орындарының шетел валютасын сатуы/сатып алуы туралы есебі бойынша жеке тұлғаларға сату көлемдері сатып алу көлемдерінен асып түсті: еуро – 2,7 есе, АҚШ доллары – 2,4 есе, ресей рублі – 9,2%. Жеке тұлғаларға шетел валютасын сату көлемі ағымдағы жылдың қарашадағы көрсеткіштермен салыстырғанда АҚШ доллары бойынша –20%-ға өсті, ал еуро бойынша – 9,8%-ға, ресей рублі бойынша – 6,5%-ға төмендеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруының ресми ставкасы 2003 жылдың шілдесінен бері 0,5 пайыздық пунктке төмендеп, 7%-дық жылдық деңгейде белгіленді.

Мемлекеттік бағалы қағаздардың бастапқы рыногі

2004 жылдың желтоқсанында мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясының көлемі атаулы құн бойынша ҚР Ұлттық Банкінің ноттарымен 86612 млн. теңге, МАӨҚО – 612 млн. теңге сомасында анықталды. 2005 жылдың 1 қаңтарына айналыстағы барлық мемлекеттік бағалы қағаздардың жалпы көлемі атаулы құн бойынша 693,4 млрд. теңгені құрады.

**) 2004 жылдың желтоқсан айының соңындағы деректері бойынша қорытынды айналымдар есепке алынған жоқ.*

1) 2003 жылдың желтоқсанынан бастап кредиттік серіктестіктердің шоттары қосылған.

9. ЕҢБЕК РЫНОГЫ

9.1 ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

2004 жылы (алдын ала деректер бойынша) республика экономикасында 7,2 млн. адам жұмыспен қамтылған болатын, бұл өткен жылғыдан 180,7 мың адамға немесе 2,6%-ға көп. Жұмыспен қамтылған халық санында еркектер 3,7 млн. адамды (51,8%), әйелдер - 3,5 млн. адамды (48,2%) құрады.

Жұмыспен қамтылған халық құрылымында соңғы жылдары жалданып жұмыс істеушілер басым болып отыр, 2004 жылы олардың саны 4,5 млн. адамға жетті (барлық жұмыспен қамтылғандардың 62,2%). Жалдамалы қызметкерлердің басым бөлігі қалалық жерде жұмыспен қамтылған (олардың жалпы санынан 68%). Ауылда жұмыспен қамтылғандардың арасында жартысынан көбін өз бетінше жұмыспен қамтылғандар құрайды – 55% (1,7 млн. адам).

2004 жылы қызмет көрсету саласында 3,5 млн. адам жұмыс істеді (жұмыспен қамтылғандардың жалпы санынан 49,1%), бұл өткен жылғыдан 181,3 мыңға көп, өнеркәсіпте – тиісінше 1,3 млн. адам (17,5%), 72 мың адамға. Ауыл және балық шаруашылығында жұмыспен қамтылғандар – 2,3 млн. адам (33,4%), бұл 72,6 мың адамға аз.

Жұмыссыздар саны (табысты жұмысы болмаған, оны үздіксіз іздеген және оған кірісуге әзір 15 және одан жоғары жастағы адамдар) 2004 жылы 657,4 мың адамды құрады. Бір жыл ішінде жұмыссыздық деңгейі 0,4 пайыздық пунктке қысқарды және 8,4% құрады. Жұмыссыздардың жалпы санынан қалалық жерде 415,9 мың адам тіркелген, онда жұмыссыздық деңгейі 9,4% құрады, ауылдық жерде – тиісінше 241,5 мың адам және 7,1%.

Жұмыссыздардың жалпы санының кемуі барысында олардың құрылымындағы әйелдер мен жастар үлесі (15-24 жастағы) басымдылығын сақтап қалған. 2004 жылы жұмыссыз әйелдер саны 376,9 мың адамды (барлық жұмыссыздар санынан 57,3%), жастар - 191,1 мың адамды (29,1%) құрады. Әйелдер арасындағы жұмыссыздық 9,8%, жастар арсындағы - в 14,3% құрады.

Жұмыссыздар арасында 1 айдан 6 айға дейін жұмысы болмағандар саны 144 мың адамды (22,6%), 6 айдан 12 айға дейін – 83,5 мың адамды (13,1%) құады, ал 257,7 мың адам (40,3%) бір жылдан астам уақыт жұмыс іздеген. Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі - 5,4%.

2001 және 2004 жылдары жасы бойынша жұмыссыз халық саны

мың адам



Жұмыссыздар ретінде тіркелген азаматтар саны (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша) 2005 жылғы қаңтардың соңына 120,1 мың адамды құрады, бұл өткен жылғы тиісті кезеңдегіден 26,5 мың адамға немесе 18%-ға кем. Тіркелген жұмыссыздар санынан жартысынан көбі (75 мың адам) – әйелдер, 49,1 мың адам – ауыл тұрғындары. Экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы тіркелген жұмыссыздар үлесі аталған кезеңде 1,5% құрады (2004 жылғы қаңтарда – 1,9%).

9.2 ЖАЛДАНЫП ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ

2004 жылы алдын ала деректер бойынша жалдамалы қызметкерлер саны 4,5 млн. адамды немесе экономикада барлық жұмыспен қамтылғандардың 62,2%-ын құрады. Бұл 2003 жылғыдан 230,7 мың адамға (5,5%-ға) артық. Жалданып жұмыспен қамтылғандар санының 82%-ы мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда, 11,8%-ы жеке адамдарда, 6,2%-ы шаруа (фермер) қожалықтарында жұмыс істеді.

Жалдамалы қызметкерлердің негізгі бөлігі ірі және орташа кәсіпорындарда жұмыс істейді. 2004 жылы бұл жерде 2,5 млн. адам немесе жалпы санның 55,6%-ы жұмыс істеді, бұл өткен жылғыдан 40,8 мың адамға немесе 1,7%-ға көп. Қос қызмет атқару жағдайында 13,7 мың адам, азаматтық-құқықтық шарттар бойынша – 22,1 мың адам тіркелді. Қос қызмет атқарушылардың көбісі білім беру саласында шоғырланған, олардың жалпы санының 58,6%-ы, ал денсаулық сақтауда - 19,7%, өнеркәсіпте – 5,3%, коммуналдық қызмет көрсетуде - 4,8%. Қызмет көрсету саласында азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша 66,3% адам жұмыс істеді, өнеркәсіп пен құрылыста – 32,4%, ауыл, орман және балық шаруашылығында – 1,3%.

2004 жылы толық емес жұмыс аптасы (күні) режимінде 28,4 мың адам немесе орташа тізімдік санның 1,1%-ы жұмыс істеді, бұл өткен жылғыдан 3,8 мың адамға (11,9%-ға) кем. Әкімшіліктің ықыласы бойынша демалыстағы адамдар саны өткен жылы 9,9 мың адамға (21%-ға) қысқарып, 37,3 адамды (1,5%) құрады. Еріксіз демалыстағылар арасынан ақшалай өтемақы алғандары – 31,3 адам немесе 83,9%.

2004 жылдың аяғында 14,2 мың бос жұмыс орны болды (тізімдік санның 0,6%-ы). Бұл 2003 жылғыдан 4,1 мың бірлікке (40,7%-ға) артық. Ең көп бос жұмыс орны саны өнеркәсіп кәсіпорындарында тіркелген – 4571 бірлік (жалпы санның 32,3%-ы), мемлекеттік басқару ұйымдарында – 3093 бірлік (21,8%), құрылыста – 2743 бірлік (19,4%). Бос жұмыс орындары санының өсуі құрылыста, өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарында, мемлекеттік басқаруда, коммуналдық қызмет көрсету саласында, көлік және байланыста байқалды.

Ірі және орташа кәсіпорындарға 781,1 мың адам немесе қызметкерлердің орташа тізімдік санының 31,5%-ы жұмысқа қабылданды, олардан 34 мың адам немесе барлық қабылданған адамдардың 4,4%-ы– қайта құрылған жұмыс орындарына қабылданған. Жұмыс күшінің келуі өнеркәсіп кәсіпорындарында байқалды - 11,8 мың адам (қайта қабылданғандардың 34,7%-ы), құрылыста – 6,9 мың адам (20,2%), көлік және байланыста – 2,3 мың адам (6,7%), саудада – 2,2 мың адам (6,6%), ауыл шаруашылығында – 1,2 мың адам (3,6%). Өткен жылы әртүрлі себептермен 743,7 мың адам жұмыстан шықты, олардан тұрақтамаушылық себептері бойынша – 572,1 мың адам. Тұрақтамаушылық коэффициенті 23,1% құрады.

10. ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСЫ

10.1 АҚШАЛАЙ ТАБЫСТАР

2004 жылдың халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстары (бағалау бойынша) 152932 теңгені құрады, ол өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 21,0%-ға жоғары. Осы кезеңдегі нақты ақшалай табыс 13,2%-ға өсті.

Халықтың атаулы ақшалай табыстары (бағалау бойынша)

Айына орта есеппен жан басына шаққандағы, теңге



Соңғы екі жылда республикадағы халықтың орта есеппен ақшалай табыстарының ең көп және тұрақты өсуі төртінші тоқсанда белгіленген. Халықтың орта есеппен ақшалай табыстарының төмендеуі бірінші тоқсанның басына келеді.

Республикадағы әртүрлі экономикалық және ауа-райы жағдайы, тамақ өнімдерінің бағасына едәуір айырмашылықтар тудырады, және тиісінше облыстағы ең төменгі күнкөріс деңгейінің әртүрлі шамасына себепші болады. Оның шамасы Маңғыстау облысында 7174 теңгеден Оңтүстік Қазақстан облысында 4691 теңгеге дейін құбылады. Бүтіндей республика бойынша халықтың атаулы ақшалай табысы желтоқсанда ең төменгі күнкөріс деңгейінен орта есеппен 2,3 есеге асып түсті.

10.2 ЕҢБЕККЕ АҚЫ ТӨЛЕУ

2004 жылы орташа айлық атаулы жалақы (алдын ала деректер бойынша) 28270 теңгені құрады және 2003 жылмен салыстырғанда 21,7%-ға, нақты тұлғалануда – 13,9%-ға өсті.

2000-2004 жылдардағы атаулы жалақы және жалақы индексі



2004 жылы жалдамалы қызметкерлер еңбек ақысының өткен жылға қатысты өсуі экономикалық қызметтің барлық түрлері бойынша байқалады. Өнеркәсіп, сауда, көлік және байланыс кәсіпорындарында жалақы 19-21%-ға, денсаулық сақтауда, білім беруде және ауыл шаруашылығында - 23-25%-ға өссе, мемлекеттік басқару қызметкерлерінің жалақысы 44%-ға өсті.

Өткен жылдардағыдай жоғары жалақы қаржы қызметінде сақталып отыр – 64886 теңге (республика бойынша орта есеппен алғанда 2,3 есе көп), төмен жалақы – ауыл шаруашылығында – 11912 теңге (орташа республикалық деңгейден 42%).

2004 жылы еркектердің орташа жалақысы әйелдердікіне қарағанда 1,6 есе жоғары. Қонақ үй-мейрамхана бизнесінде бұл алшақтық 2 есе, қаржы қызметінде – 1,7 есе, өнеркәсіпте – 1,5 есе, білім беру мен көлікте – 1,3 есе болды. Бұл жұмыс істейтін әйелдердің басым бөлігі жұмыс мамандықтары мен басқарудың орта деңгейдегі өкілдері болып табылатындығымен байланысты және олардың тек мардымсыз бөлігі ғана – басшы лауазымда жұмыспен қамтылған.

11. ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА

11.1 ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛ

2005 жылғы 1 қаңтарға республика халқының саны ағымдағы есептің деректері бойынша 15074,2 мың адамды құрады, соның ішінде 57% қала және 43% ауыл тұрғындары. Республика халқының жалпы саны 2004 жылдың басымен салыстырғанда 123 мың адамға өсті. Тиісті кезең ішінде халық санының өсуі 9 облыста және Астана мен Алматы қалаларында байқалды. Халықтың жалпы санының ең жоғары өсімі, бұрынғыша, Оңтүстік Қазақстан облысында және Алматы қаласында, тиісінше, 43,2 және 33,9 мың адам, ал ең көп кемуі – Шығыс Қазақстан облысында - 13,4 мың адам.

2004 жылғы республика халқының табиғи өсімі 119,6 мың адамды құрады (2003 ж. – 100,5). Халықтың табиғи өсімінің жалпы коэффициенті 1000 халыққа шаққанда 8 адамды құрады (6,8). АХАЖ органдары 272 мың тууды тіркеді (256,3). Туудың жалпы коэффициенті 1000 халыққа шаққанда 18,1 тууды құрады (17,2).

2004 жылғы тұтастай республика бойынша өлгендер саны 152,4 мың адамды құрады (155,8). Халық өлім-жітімінің жалпы коэффициенті 1000 халыққа шаққанда 10,1 өлгенді құрады (10,4). Қан айналымы жүйесіндегі аурулар, бұрынғыша, өлім-жітім құрылымында өлім себептерінің негізгі топтары ішінде болып отыр, олардың үлесіне барлық тіркелген өлім оқиғаларының 51% тиесілі. Өлтіруден және өзін-өзі өлтіруден, тиісінше, 2444 және 4438 адам өлген, немесе азатайым оқиғалардан, улану мен жарақаттанудан өлгендердің жалпы санынан 11% және 20%.

2004 жылы республикада 1 жасқа дейінгі 3903 бала өлімі тіркелген (3831). Нәрестенің шетінеу коэффициенті 1000 тірі туғанға шаққанда 1 жасқа дейінгі 14,5 бала өлімін құрады (15,2). Перинаталдық кезеңде пайда болатын аурулар 1 жасқа дейінгі балалар өлімінің ең көп тараған себептері болып табылады, одан 1875 нәресте өлген (барлық бала өлімдерінен 48%), туа-бітті аномалиялардан - 741 (19%), тыныс алу органдарының ауруларынан - 583 (14,9%).

2004 жылғы некеге тұру және некені бұзу саны, тиісінше, 114,7 және 31,5 мыңды құрады (110,4 және 31,7). Некеге тұрудың жалпы коэффициенті 1000 халыққа шаққанда 7,6 некені құрады (7,4), ал ажырасудың жалпы коэффициенті 1000 халыққа шаққанда 2,1 ажырасуды құрап, 2003 жылғы деңгейде қалды.

2004 жылы, 36-жылдық кезеңнен кейін алғаш рет, елде халық көші-қонының оң сальдосы қалыптасты. Көші-қон сальдосы 2004 жылы плюс 3381 адамды құрады (2003 ж. - минус 9062).

2004 жылы Қазақстанға келгендер саны 2003 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 3858 адамға өсті, одан 2028 адам ТМД елдерінен келгендер есебінен. Иммигранттар, негізінен, Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Маңғыстау, Қарағанды, Жамбыл облыстарында және Алматы қаласында қоныс тепкен. Республикадан тыс елдерге кеткендер саны 8585 адамға қысқарды. ТМД және ТМД-дан тыс елдерге қоныс аударған 65,8 мың эмигранттың 47,1 мыңы немесе 71,6% ТМД елдерінде тұрақтаған. Эмигранттардың көбісі, бұрынғыша, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстарынан. Ел ішіндегі иммигранттар саны 319,7 мың адамды құрады, одан 127,9 мыңы халықтың облысаралық көші-қонында. Облысаралық айырбаста халықтың оң көші-қон сальдосы елдің 4 өңірінде қалыптасты, одан Алматы және Астана қалаларында шамасы бойынша ең жоғарысы – тиісінше, 23,1 және 14,8 мың адам.

11.2 ХАЛЫҚТЫҢ АУРУ-СЫРҚАУЛЫҒЫ

Республикалық СЭС-тің деректері бойынша 2004 жылдың қаңтар-желтоқсанында республика аумағында халықтың ауру-сырқауға шалдығуы тіркелетін инфекциялардың біразы бойынша қысқарды. Сонымен бірге, 2003 жылмен салыстырғанда халықтың бактериялық дизентериямен ауыру оқиғасының тіркелген саны 1266-ға, аш ішектің қабынуы - 367, бруцеллез - 394, вирустық гепатит – 2142 өсті, қызылшамен ауырғандар саны – 92 есеге өсіп, күйдіргімен ауырудың – 5 оқиғасы тіркелді. ЖҚТБ-мен ауыратындардың саны 10 адамға көбейіп, 78 оқиғаны құрады.

14 жасқа дейінгі балалар арасында жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпасымен (1050,6 мың оқиға), тұмаумен (29,2 мың оқиға), ішектің өткір жұқпасымен (19,4 мың оқиға), өткір вирустық гепатитпен (7,6 мың оқиға), індеттік паротитпен (1,7 мың оқиға), тыныс органдарының туберкулезімен (1,3 мың оқиға), бруцеллезбен (0,5 мың оқиға) ауыру оқиғалары ең көп санды көрсетіп отыр. Сонымен бірге жыл ішінде 2559 балада қышыма және 3404 балада битшеңдік ауруы анықталды.

2004 жылы балалар арасында әлеуметтік жайсыз жағдайлардан туындайтын аурулардың таралу үрдісі байқалды. Көрсетілген кезең ішінде балалардың мерезбен ауыруының 146 оқиғасы, иммунитет тапшылығын тудыратын вирус жұқпасынан туындаған аурудың 1 оқиғасы, сондай-ақ иммунитет тапшылығын тудыратын вирус жұқпасын тасымалдаушы 7 бала тіркелді, ал 2003 жылы бұл көрсеткіштер тиісінше – 121, 0 және 4 адам болатын.

2004 жылдың желтоқсанында тіркелген жұқпа аурулардың арасында аса кең тарағаны жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпасы, тыныс органдарының туберкулезі, өткір вирустық гепатит, қызылша, ішектің өткір жұқпасы болды. 2004 жылдың қарашасымен салыстырғанда қызылшамен ауырғандар саны 2 еседен асты, жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпасымен ауырғандар саны 34% көбейді. Сол сияқты иммунитет тапшылығын тудыратын вирус жұқпасын тасымалдаушылар саны 20% өсті.

Бруцеллезбен, бірінші рет қойылған диагнозбен, ауырғандардың жалпы санынан ауыл тұрғындарының үлесі 74,2%, эхинококкоз – 60,8%, өкпе туберкулезі – 45,3%, өткір вирустық гепатит – 41,6%, қышыма – 30,3%, битшеңдік - 28%, мерез – 27,9%, ішектің өткір жұқпасы – 24,9%, індеттік паротит – 22,1%, жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпасы – 22%, қызамық – 14,6%, қызылша - 12% құрады.

Көкжөтелмен, ротавирустық жұқпалармен, өткір вирустық гепатитпен, ішектің өткір жұқпасымен, жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпасымен, қызамықпен, індеттік паротитпен ауырғандардың жартысынан көбі балалар.

11.3 ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректері бойынша республика аумағында 2004 жылы тіркелген қылмыстардың саны 143,6 мың болып, халықтың 10 мың адамына шаққанда қылмыс саны 95,6 оқиғаны құрады. Қылмыс саны 2003 жылмен салыстырғанда 21,2% көбейді. Қылмыстардың жалпы санының 25% әйелдерге, 3,1% кәмелетке толмағандарға қарсы жасалған қылмыстар.

Тіркелген қылмыстардың құрылымында алдыңғы орынды меншікке қарсы жасалған қылмыстар алады (63,2%). Осы санаттағы қылмыс санының негізгі үлес салмағы ұрлыққа (43,2%) тиесілі болып отыр, ол өткен жылмен салыстырғанда 44,4% өскен. 2004 жылы тонау (54,6%-ға), қарақшылық шабуыл (31,8%), бұзақылық (27,8%), алаяқтық (13,7%) оқиғалардың саны айтарлықтай өскен, зорлау (9,5%), қасақана кісі өлтіру және кісі өлтіруге оқталу, денсаулыққа ауыр зиян келтіру (орташа алғанда 5%-ға) саны да көбейген.

2004 жылы республиканың құқық қорғау органдары экономика саласындағы 10 мың қылмысты ашты (2003 жылдың деңгейіне – 79,1%). Бұл топта жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау және өткізуге байланысты қылмыстардың саны 1,5 есе көбейген.

2004 жылы 2003 жылмен салыстырғанда есірткіге байланысты қылмыстардың жалпы саны 20%-ға жуық азайды. Есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды өткізу мақсатында заңсыз әзірлеуге, сатып алуға, сақтауға, тасымалдау мен жіберуге, оларды тұтынуға бейімдеуге, есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды тұтыну үшін притондар ұйымдастыруға немесе ұстауға байланысты қылмыстар саны 3%-ға өсіп, 4,5 мың оқиғаны құрады. Бұл санаттағы қылмыстардың ашылуы 2004 жылы 89,3% құрады (2003 жылы – 92,2%).

2004 жылы 2003 жылмен салыстырғанда әскери қызметкерлер жасаған қылмыстардың саны 14,2%-ға азайып, 814 оқиғаны құрады. Осы санаттағы тіркелген қылмыстар санының 37,1% - бөлімді немесе қызмет орнын өз бетінше тастап кету, 25,4% - билігін пайдаланып қиянат жасау, билікті асыра пайдалану немесе әрекетсіздік, 20,1% - өзара қарым-қатынастың жарғылық ережелерін бұзу, 3,6% - қашқындық.

2004 жылы тексерілген қылмыстар бойынша республиканы тұтастай алғанда материалдық залалдың анықталған сомасы 38177 млн. теңге болды, оның 46,9% - меншікке қарсы қылмыстардың және 40,9% - экономикалық қызмет саласындағы қылмыстардың үлесінде.

2004 жылы республиканың құқық қорғау органдары қылмыс жасаған 73,9 мың адамды анықтады (2003 жылға қарағанда 8,7%-ға аз). 61,1 мың адам қылмыстық жауапқа тартылды.

Қылмысы әшкереленген адамдардың 8,9% - жасы кәмелетке толмағандар, 11,7% - әйелдер. Мемлекеттік қызметті атқарушылардың үлесіне 2,8% келеді. Бұрын қылмыс жасаған адамдардың үлес салмағы – 13,6% (2003 жылы – 14,2%) құрады.

Қазақстан бойынша орташа алғанда әрбір сегізінші қылмыскер қылмысты - алкогольге мас күйінде, әрбір төртінші - топ құрамында жасаған. Қылмыстары әшкереленгендердің ең көбін (70,6%) – жұмыссыздар құрады.

12. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Өнеркәсіп. 2005 жылғы қаңтарда өнеркәсіп өндірісі көлемінің өсуі 2004 жылғы тиісті аймен салыстырғанда, Қарағанды облысынан басқа (8,0%-ға төмендеген), Қазақстанның барлық өңірлерінде байқалды. Аса көп өсуіне Батыс Қазақстан облысында (44,7%-ға) қол жеткізілсе, ең аз өсуі Оңтүстік Қазақстан облысында (1,4%-ға) тіркелді. Жоғары өсу қарқыны сондай-ақ Маңғыстау (15,0 %-ға), Павлодар (14,8%-ға) және Алматы (11,4%-ға) облыстарында байқалды.

Өнеркәсіп өндірісінің орташа республикалық деңгейі 6 өңірде: Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Павлодар, Алматы, Жамбыл, Ақтөбе облыстарында асып түсті.

Шикі мұнай өндіру Маңғыстау (17,9%-ға), Ақтөбе (12,2%-ға), Атырау (3,3%-ға) облыстарында, газ конденсатын – Батыс Қазақстан (57,3%-ға), Жамбыл (50,0%-ға) облыстарында өсті.

Қостанай облысында темір кен шекемтастарын (5,8%-ға), темір кендерін (24,5%-ға) өндіру өсті.

Мыс кенін өндіру Қарағанды облысында өсті (19,7%-ға), Шығыс Қазақстан облысында кеміді (4,3%-ға).

Болат шығару Павлодар облысында 57,9%-ға өсті, ал Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарында тиісінше 22%-ға және 12,4%-ға кеміді.

Тазартылған мысты қорыту Шығыс Қазақстан облысында 4,1 есе өсті, Қарағанды облысында 4,6%-ға төмендеді, өңделмеген мысты қорыту Шығыс Қазақстан облысында 2,9%-ға өсті.

Шығыс Қазақстан облысында жеңіл және жолаушылар автомобильдерін шығару 47,6%-ға кеміді.

Сары май өндіру Алматы қаласында (55,2%-ға), Ақмола (50%-ға) және Шығыс Қазақстан (20,8%-ға) облыстарында өсті, ал Астана қаласы мен Алматы облысында өткен жылғы қаңтардағы деңгейде қалды.

Тазартылған күнбағыс майын өндіру Шығыс Қазақстан облысында 49,5%-ға және Ақтөбе облысында 9,4%-ға өсті.

Жеміс және көкөніс шырындарын өндіру Алматы облысында 35,6%-ға өсті, Жамбыл облысында 29,5%-ға кеміді.

Электр энергиясын өндіру Жамбыл - 87,8%-ға, Ақтөбе – 67,4%-ға, Алматы – 9,6%-ға, Қарағанды – 8,6%-ға, Атырау – 8,3%-ға, Ақмола – 2,6%-ға облыстарында өсті, Шығыс Қазақстан -7,3%-ға және Батыс Қазақстан – 3,2%-ға облыстарында кеміді.

Ауыл шаруашылығы. 2005 жылғы қаңтардағы ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі тұтастай республикада, бағалау бойынша, ағымдағы бағамен 21,0 млрд. теңгені құрады, бұл 2004 жылғы тиісті айдағыдан 5,8%-ға артық.

Ағымдағы жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша өткен жылғы тиісті күнмен салыстырғанда шаруашылықтардың барлық санаттарында ірі қара мал, қой мен ешкі, жылқы, түйе және құс саны өсті.

2005 жылғы қаңтарда 2004 жылғы тиісті аймен салыстырғанда ет өндіру көлемінің өсуі республиканың барлық өңірлерінде байқалады. Аса көп өсуі Павлодар (17,1%-ға) және Оңтүстік Қазақстан (13,8%-ға) облыстарында қол жеткізілсе, ең аз өсуі Ақмола облысында (2,6%-ға) тіркелді.

2005 жылғы қаңтарда сүт өндірісінің өсуі 2004 жылғы тиісті аймен салыстырғанда, Астана қаласынан, Маңғыстау облысынан, Алматы қаласынан (оларда көлем өткен жылғы деңгейде қалған) және Батыс Қазақстан облысынан (көлем 2,9%-ға төмендеген) басқа, республиканың барлық өңірлерінде байқалды. Аса көп өсуіне Павлодар облысында (14,8%-ға), ең аз өсуіне Шығыс Қазақстан облысында (2,9%-ға) қол жеткізілді. Салыстырмалы жоғары өсу қарқыны Жамбыл (13,4%-ға), Қызылорда (9,4%-ға), Ақтөбе (8,8%-ға) және Оңтүстік Қазақстан (7,9%-ға) облыстарында тіркелді.

2005 жылғы қаңтарда 2004 жылғы тиісті аймен салыстырғанда жұмыртқа өндірісінің артуы Қазақстанның 9 өңірінде байқалды. Аса жоғары өсу қарқынына Батыс Қазақстан облысында қол жеткізілді (3,7 есе). Ең көп өсім Солтүстік Қазақстан облысында (50,0%-ға), ең азы - Қарағанды облысында (0,8%-ға) тіркелді.

Инвестициялар. 2005 жылғы қаңтарда негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар (жете бағалауды есепке алғанда) 97,1 млрд. теңгені құрады, бұл өткен жылғы тиісті айдағыдан 61,2%-ға артық.

Инвестицияның өсуі республиканың 14 өңірінде байқалған. Аса көп өсуі Қарағанды облысында – 3,2 есе, ең аз өсуі – Оңтүстік Қазақстан облысында (6,4%-ға) тіркелді. Ең жоғары өсу қарқыны сондай-ақ Маңғыстау және Қызылорда облыстарында (тиісінше 2,7 және 2,4 есе) байқалды. Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар көлемі Жамбыл облысында (70%-ға) және Батыс Қазақстан облысында (62%-ға) төмендеді.

2005 жылғы қаңтарда салынған тұрғын үй көлемі өткен жылғы тиісті айдағы деңгейден республиканың 12 өңірінде асып түсті. Аса белсенді тұрғын үй құрылысы оларды іске қосу көлемі 2004 жылғы қаңтармен салыстырғанда 6,6 есе өскен Қарағанды облысында, сондай-ақ Астана қаласында (5 есе дерлік), Солтүстік Қазақстан (2,7 есе), Қарағанды (3,2 есе), Жамбыл және Атырау облыстарында (2 есе) жүргізілуде.

Бөлшек сауда тауар айналымы. 2005 жылғы қаңтарда бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 92,5 млрд. теңгені құрады және өткен жылғы тиісті аймен салыстырғанда (тұрақты бағада) 9,9%-ға өсті. 2005 жылғы қаңтарда өңірлер бөлінісінде бөлшек сауда тауар айналымы көлемінің аса жоғары өсімі 2004 жылғы тиісті аймен салыстырғанда Жамбыл (21%-ға) және Қызылорда (20%-ға) облыстарында байқалды. Астана қаласындағы өсім - 14,6%, Алматы қаласындағы өсім – 13,3% құрады. Бөлшек сауда тауар айналымы көлемінің ең аз өсімі 2004 жылғы қаңтармен салыстырғанда Солтүстік Қазақстан облысында (0,2%) байқалды.

Тұтыну бағасының индексі. 2005 жылғы қаңтарда тұтыну тауарлары мен қызметтерінің бағасы өткен аймен салыстырғанда республиканың барлық өңірлерінде өсті. Бағаның ең көп өсуі Жамбыл (1,5%-ға) және Шығыс Қазақстан (1,1%-ға) облыстарында, ал ең аз өсуі – Батыс Қазақстан және Қызылорда (0,4%-дан) облыстарында тіркелді.

2005 жылғы қаңтарда өткен аймен салыстырғанда азық-түлік тауарларына бағаның өсуі республиканың барлық өңірлерінде байқалды. Бағаның ең көп өсуі Қарағанды (1,4%), Ақмола және Шығыс Қазақстан (1,3%-дан) облыстарында тіркелді. Бағаның ең аз өсуі Маңғыстау облысында (0,1%) тіркелді.

2005 жылғы қаңтарда өткен аймен салыстырғанда азық-түлік емес тауарлар бағасы Қазақстанның 7 өңірінде өсті. Ең жоғары баға өсімі Маңғыстау облысында (1,1%) тіркелді. Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Павлодар облыстарында және Астана мен Алматы қалаларында баға 0,1-0,5%-ға төмендеді.

Халыққа ақылы қызмет көрсету бағалары мен тарифтері 2005 жылғы қаңтарда өткен жылғы тиісті аймен салыстырғанда сондай-ақ республиканың барлық өңірлерінде өсті. Бағаның ең көп өсуі Жамбыл облысында (4,5%-ға), ал ең аз өсуі Астана қаласында (0,1%-ға) тіркелді.

Халықтың ақшалай табысы. 2004 жылғы желтоқсанда Қазақстанда халықтың жан басына шаққандағы орташа ақшалай табысы (бағалау бойынша) 14876 теңгені құрады. Республиканың аса жоғары табысты өңірлері – Маңғыстау және Атырау облыстары, Астана және Алматы қалалары, оларда табыс орташа республикалық деңгейден, тиісінше, 2,7, 2,4, 2,3 және 2,1 есе артық. Халықтың жан басына шаққандағы ең төмен ақшалай табысы Оңтүстік Қазақстан облысы тұрғындарында байқалды (орташа республикалық деңгейден 47,5%).

Еңбек рыногы. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша 2005 жылғы қаңтардың соңына жұмыссыздар ретінде тіркелген азаматтар саны 120,1 мың адамды құрады. Ал олардың экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы үлесі – 1,5%. Өңірлер бөлінісінде бұл көрсеткіш 11 облыста асып түскен. Жұмыссыздардың қомақты үлесі Павлодар облысында (2,3%-ға), ең аз үлесі – Алматы облысында (0,8%-ға) тіркелген.

13. КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

1. Өнеркәсіп кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін зерттеу

2005 жылғы қаңтардың соңында 742 ірі және орта өнеркәсіп кәсіпорны зерттелген, соның ішінде кен өндіру өнеркәсібінде - 76 (сауалдамаға жауап бергендер санынан 10%), өңдеу өнеркәсібінде - 539 (73%) және электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлу бойынша - 127 (17%).

2005 жылғы қаңтарда сауалдамаға жауап берген кәсіпорындардың іскерлік белсенділігін сипаттайтын кәсіпкерлік сенімділік индексі 2004 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда +8%-дан +6%-ға дейін кеміді.

2005 жылғы сәуірдің соңында, басшылардың басым бөлігінің бағалауы бойынша, іскерлік белсенділік өседі деп күтілуде және кәсіпкерлік сенімділік индексінің мәні 2005 жылғы қаңтармен салыстырғанда 3 пайыздық пунктке өседі және +9% құрайды.

Өнеркәсіп кәсіпорындарындағы кәсіпкерлік сенімділік индексінің серпіні (маусымдылық факторын қоспағанда)

баланстар, %



Кен өндіру және өңдеу өнеркәсіптерінің зерттелген кәсіпорындарының басшылары 2005 жылғы қаңтарда 2004 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда іскерлік белсенділіктің өскендігін атап өтті. Осы кәсіпорындардағы кәсіпкерлік сенімділік индексі өткен аймен салыстырғанда тиісінше +8%-дан +10%-ға дейін және +5%-дан +6%-ға дейін өсті.

Сол уақытта электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлу кәсіпорындарында іскерлік белсенділіктің өткен аймен салыстырғанда төмендегендігі байқалады. Мәселен, осы кәсіпорындардағы кәсіпкерлік сенімділік индексі +18%-дан +2%-ға дейін кеміді.

2. Сауда кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін зерттеу

2005 жылғы қаңтардың соңында 1491 сауда кәсіпорнынан сауалдама алынған, соның ішінде 790 бөлшек сауда кәсіпорны (сауалдамаға жауап бергендердің жалпы санынан 53%), 648 көтерме сауда кәсіпорны (43%) және 53 сауда делдалдығы кәсіпорны (4%).

2005 жылғы қаңтарда экономикалық жағдайын басшылары “жақсы” және “қанағаттанарлық” деп сипаттаған сауда кәсіпорындарының үлесі 2004 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 94%-дан 93%-ға дейін кеміді.

Бірақ сауда кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін сипаттайтын кәсіпкерлік сенімділік индексі ағымдағы жылғы қаңтарда 2004 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда **+9%-дан +13%-ға дейін** өсті.

2005 жылғы сәуірдің соңында, басшылардың басым бөлігінің бағалауы бойынша, іскерлік белсенділікке қатысты елеулі өзгерістер болмайды деп күтілуде және кәсіпкерлік сенімділік индексінің мәні 2004 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 1 пайыздық пунктке көтеріледі және +14% құрайды.

Сауда кәсіпорындарының кәсіпкерлік сенімділік индексінің серпіні
(маусымдылық факторын қоспағанда)

баланстар, %



Кәсіпкерлік сенімділік индексінің өсуі сауданың барлық салаларында зерттелген кәсіпорындарда байқалады. Мәселен, көтерме сауда кәсіпорындарындағы кәсіпкерлік сенімділік индексі +11%-дан +15%-ға дейін, бөлшек - +8%-дан +12%-ға дейін және сауда делдалдығы - +3%-дан +9%-ға дейін өсті.

3. Тұтынушыларды зерттеу

2005 жылғы қаңтардың соңында өңірлік статистика басқармаларының қызметкерлері түрлі топтардағы (қала мен ауыл халқы, фирмалар мен банктердің, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлері, үй шаруасындағы әйелдер мен зейнеткерлер, т.б.) тұтынушыларды - 1600 респондентті кезекті зерттеуден өткізген болатын. Зерттеудің негізгі мақсаты - ел экономикасындағы және жеке үй шаруашылығындағы өзгерістер туралы тұтынушылардың жеке пікірлерін анықтау. Сонымен бірге, сауал салуда тұтынушылардың ұзақ пайдаланатын тауарларды сатып алу ықыласы туралы ақпараттар алу ойластырылды.

«Тұтынушылардың сезіну индексі» ағымдағы жылғы қаңтарда 2004 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда өзгерген жоқ және **+15%-ға** тең болып қалды.

«Экономикалық ахуал индексі» +21% -дан +18%-ға дейін төмендеді.

«Сатып алу ықыласы индексі» ағымдағы жылғы қаңтарда 2004 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2 пайыздық пунктке өсті және **+13%** құрады (Диаграмманы қараңыз).

Ағымдағы жылғы қаңтарда респонденттердің 31%-дан астамы соңғы 12 ай ішінде елімізде экономикалық жағдайының жақсарғандығын атап өтті, сол уақытта тұтынушылардың 16%-ы жағдайдың нашарлағандығын хабарлады.

Респонденттердің 31%-дан кемі келесі 12 ай ішінде елімізде жалпы экономикалық жағдайдың одан ары жақсаруын күтуде, тек 13%-ы ғана оның нашарлай түсуі мүмкін деп есептейді.

Респонденттердің 31%-дан астамы ағымдағы жылғы қаңтарда меншікті үй шаруашылығында қаржы жағдайының жақсарғандығын және, тиісінше, өткен аймен салыстырғанда ұзақ пайдаланатын тауарларға сұранымның артқандығын хабарлады. Сонымен қатар, сауалдамаға жауап бергендердің 18%-ы өз үй шаруашылығында қаржы-экономикалық жағдайының нашарлағандығын атап өтті.

Респонденттердің 12%-дан сәл ғана астамы келесі 12 ай ішінде елде жұмыссыздық деңгейі өседі деп есептесе, ал сауалдамаға жауап бергендердің 12%-ы жұмыссыздық төмендейді деп хабарлайды.

Келесі 12 ай ішінде үй шаруашылығында ақшалай қорланым сомасының өсу не кему мүмкіндігін, тиісінше, сауалдамаға жауап бергендердің 18%-ы атап өтті.

Тұтынушыларды бағалау

баланстар, %



14. ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ

14.1 ТМД ЕЛДЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

(ТМД Статкомитетінің деректері бойынша)

2004 жылғы қаңтар-желтоқсанда Достастық елдерінің көбісінде негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өсу қарқыны өткен жылғы тиісті кезеңдегіден біршама жоғары болды. Достастық елдері бойынша[1)] орта есеппен, бағалау бойынша, жалпы ішкі өнім 2003 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 8%-ға (2003 жылғы қаңтар-желтоқсанда - 8%-ға), өнеркәсіп өнімін өндіру - 7%-ға (8%-ға), бөлшек сауда тауар айналымы - 13%-ға (10%-ға), жүк тасымалы - 5%-ға (8%-ға), негізгі капиталға инвестициялар - 14%-ға (16%-ға) өсті.

Макроэкономикалық көрсеткіштер Достастық елдері бойынша орта есеппен

(өткен жылғы тиісті кезеңге, %-бен)



2004 жылғы қаңтар-желтоқсанда **өнеркәсіп өндірісінің көлемі** 2003 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда Достастық елдері бойынша орта есеппен 7% құрады (2003 жылғы қаңтар-желтоқсанда – 8%). Беларусьтің, Тәжікстанның және Украинаның өнеркәсібі аса жоғары қарқынмен дамыды (12-16%).

Желтоқсанда қарашамен салыстырғанда өнеркәсіп өнімінің көлемі орта есеппен 2%-ға өсті (өткен жылы – 3%-ға).

Өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағасының индексі 2004 жылғы қаңтар-желтоқсанда Достастық елдері бойынша орта есеппен 123% құрады (2003 жылғы қаңтар-желтоқсанда - 115%). 2004 жылғы желтоқсанда қарашамен салыстырғанда баға Достастық елдері бойынша орта есеппен іс жүзінде өзгерген жоқ (2003 жылы – 1%-ға өсті).

Ауыл шаруашылығы. 2004 жылы 2003 жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылық өнімінің көлемі Достастық елдері бойынша орта есеппен барлық санаттағы шаруашылықтарда 6%-ға өсті (2003 жылы – 0,8%-ға қысқарды).

Өсімдік шаруашылығы. 2004 жылы Достастық елдері бойынша орта есеппен негізгі ауыл шаруашылық дақылдарының жалпы түсімі (күнбағыстан басқа) 2003 жылмен салыстырғанда өсті.

[1)] Осы жерде және әрі қарай статистикалық қызметтері ақпаратты табыс етпейтін Түркіменстанды және Өзбекстан Республикасын ескерусіз.

Дәнді және дәнді бұршақ дақылдарының түсімі (өңдегеннен кейінгі салмақтағы жүгеріні қоса) 2003 жылға қарағанда 29%-ға көп. Астықтың жалпы түсімі барлық Достастық елдерінде, Грузия мен Қазақстаннан басқа, өсті.

Күнбағыс өндірісінің (дәндік) көлемі 14%-ға қысқарды. Осы дақылдың жалпы түсімі оны өсірумен шұғылданатын барлық Достастық елдерінде, Қырғызстаннан басқа (13%-ға өскен), кеміді.

Мал шаруашылығы. 2004 жылы 2003 жылмен салыстырғанда Достастық елдері бойынша орта есеппен барлық санаттағы шаруашылықтарда союға арналған мал мен құс (тірілей салмағында) және сүт өндіру 1%-ға кеміді, жұмыртқа – іс жүзінде өзгерген жоқ (2003 жылы союға арналған мал мен құс 4%-ға, жұмыртқа 1%-ға көп, сүт 0,8 %-ға аз өндірілді). Өндірістің жалпы көлемінде жұртшылық шаруашылықтары және шаруа (фермер) қожалықтары 60%-дан астам ет пен сүт және 40%-ға жуық жұмыртқа алған.

Барлық санаттағы шаруашылықтарда 2005 жылғы 1 қаңтарға өткен жылғы тиісті күнмен салыстырғанда ірі қара мал, соның ішінде сиыр саны Достастық елдері бойынша орта есеппен 4%-ға, шошқа - 8%-ға қысқарды, қой мен ешкі - 3%-ға өсті (2004 жылғы 1 қаңтарға ірі қара мал саны 6%-ға, сиыр - 5%-ға, шошқа - 10%-ға қысқарды, қой мен ешкі - 5%-ға өсті).

Инвестиция және құрылыс. 2004 жылы 2003 жылмен салыстырғанда негізгі капиталға инвестиция жұмсау көлемі Достастық елдері бойынша орта есеппен 14%-ға өсті (2003 жылы - 16%-ға). Инвестицияның өсуі барлық елдерде байқалады. Барлық қаржыландыру көздері есебінен Достастық елдері бойынша орта есеппен пайдалануға 2003 жылға қарағанда 13%-ға көп тұрғын үй берілген (2003 жылы - 10%-ға).

Көлік. *Жүк тасымалы.* 2004 жылы көлік кәсіпорындары тасымалдаған жүк көлемі (құбыр арқылы емес) 2003 жылмен салыстырғанда Достастық елдері бойынша орта есеппен 5%-ға (2003 жылы - 8%-ға), жүк айналымы - 7%-ға (8%-ға) өсті.

Жолаушылар тасымалы. 2004 жылы көлік кәсіпорындарында жолаушылар айналымы (қалалық электрлік пен жеңіл таксомоторлықтан басқа) 2003 жылмен салыстырғанда Достастық елдері бойынша орта есеппен 6%-ға (2003 жылы - 3%-ға) өсті, 2%-ға (1%-ға) көп жолаушы тасымалданған.

Тұтыну рыногы. 2004 жыл барлық Достастық елдері үшін *бөлшек сауда тауар айналымының* нақты көлемінің ай сайынғы аса жоғары өсу қарқынымен сипатталды.

2004 жылы 2003 жылмен салыстырғанда бөлшек сауда тауар айналымының дамуында біршама айырмашылықтар байқалды. Мәселен, Әзірбайжанда, Беларусьте және Ресейде оның тұрақты бағадағы өсу қарқыны 2-4%-ға жоғары, Арменияда, Молдовада, Тәжікстанда – 2-7%-ға төмен болды, ал Грузияда, Қазақстанда, Украинада 2004 және 2003 жылдары тауар айналымы біркелкі қарқында өсті.

2003 жылмен салыстырғанда бөлшек сауда тауар айналымы Достастық елдері бойынша орта есеппен ағымдағы бағада 23%-ға, нақты - 13%-ға өсті.

Сыртқы сауда. 2004 жылы Достастық елдерінде сыртқы сауда дамуының оң үрдісі байқалды. 2003 жылмен салыстырғанда Достастық елдерінің ТМД елдерімен, сондай-ақ әлемнің басқа елдерімен экспорттық-импорттық операциялары өсті. Сол уақытта Достастық елдерінің өзара тауарлар саудасы әлемнің басқа елдерімен экспорттық-импорттық операцияларға қарағанда аса жоғары қарқынмен өсті.

2004 жылғы қаңтар-желтоқсанда Достастық елдерінің өзара саудасы

(өткен жылғы тиісті кезеңге, %-бен)



2004 жылғы қаңтар-қарашада Достастық елдері үлесіне экспорттың жалпы көлемінің 20% (2003 жылғы тиісті кезеңде – 19,5%) және импорттың жалпы көлемінің 38,2% (36,9%) тиесілі болды.

Қарастырылып отырған кезең ішінде Достастық елдерінің өзара тауарлар саудасының құндық көлемі 2003 жылғы қаңтар-қарашадағы 68 миллиард АҚШ долларына қарсы 94,9 миллиард АҚШ долларын құрады, соның ішінде экспорт – 32,6 миллиард АҚШ долларына қарсы 45,8, импорт – 35,4 миллиард АҚШ долларына қарсы 49,1. ТМД елдерінің өзара саудасының экспорты мен импорты арасындағы айырма негізінен экспорттық-импорттық операцияларды бағалаудағы (ҚЖТ және ҚСТ) айырмашылықпен түсіндіріледі.

2004 жылғы қаңтар-қарашада 2003 жылғы қаңтар-қарашамен салыстырғанда ТМД елдерімен сыртқы сауда операцияларының үлесі мардымсыз ғана қысқарды: Арменияда – 20,7%-дан 20,3%-ға дейін, Қазақстанда – 32,3%-дан 31,3%-ға дейін және Молдовада – 47%-дан 46,1%-ға дейін. Басқа елдерде ТМД елдерімен сыртқы сауда операцияларының үлесі өсті: Әзірбайжанда – 23%-дан 26,3%-ға дейін, Беларусьте – 62,7%-дан 63,1%-ға дейін, Грузияда – 37,2%-дан 39,4%-ға дейін, Қырғызстанда – 46,7%-дан 51,2%-ға дейін, Ресейде – 17,5%-дан 18,3%-ға дейін және Тәжікстанда – 44,6%-дан 48,2%-ға дейін.

11 айдың қорытындысы бойынша 2004 жылы Достастық елдерінің әлемнің басқа елдеріне тауарларды шығару құнының көлемі 183 миллиард АҚШ долларын құрады, бұл 2003 жылғы тиісті кезеңдегіге қарағанда 48,7 миллиард долларға көп, бұл елдерден әкелінетін тауарлар - 79,4 миллиард АҚШ долларын құрады, бұл 18,8 миллиард долларға көп. Осы елдерден әкелінетін тауарларға шетке шығару құны көлемінің қатынасы 231% құрады (2003 жылғы қаңтар-қарашада - 222%). Барлық Достастық елдерінде әлемнің басқа елдерімен экспорттық-импорттық операциялар құнының көлемі өсті; Беларусьте, Қазақстанда, Қырғызстанда, Молдовада, Ресейде және Украинада шетке шығару осы елдерден әкелінетін тауарларға қарағанда аса жоғары қарқынмен өсті.

Қаржы. Достастық елдерінің валюталық рыноктарындағы жағдай 2004 жылы салыстырмалы тұрақтылықпен ерекшеленеді. Көптеген елдерде АҚШ долларына қатысты ұлттық валюталарды бекітуде тұрақты үрдіс байқалады. 2004 жылдың соңына бірыңғай еуропа валютасының бағамы барлық Достастық елдерінде (Арменияндан басқа) жыл басынан бері ең жоғары деңгейге жетті.

2004 жылғы желтоқсанның соңына 2003 жылғы тиісті күнмен салыстырғанда ұлттық валюталарға қатысты АҚШ долларының бағамы түсті: Әзірбайжанда - 0,4%-ға, Арменияда – 14,2%-ға, Грузияда – 16,5%-ға, Қазақстанда – 9,9%-ға, Қырғызстанда, Молдовада және Ресейде – 5,8%-ға, Украинада – 0,5%-ға; Беларусьте ол 0,6%-ға, Тәжікстанда – 2,7%-ға, Өзбекстанда – 8,0%-ға өсті. Түркіменстанда АҚШ долларының бағамы бір жыл ішінде өзгерген жоқ.

Қарастырылып отырған кезең ішінде Достастық елдерінің көбісінде ұлттық валюталарға қатысты еуро бағамы өсті: Әзірбайжанда – 8,6%-ға, Беларусьте – 9,7%-ға, Грузияда – 5,4%-ға, Қырғызстанда – 2,5%-ға, Молдовада – 2,6%-ға, Ресейде – 2,7%-ға, Тәжікстанда – 11,4%-ға, Түркіменстанда – 8,1%-ға, Өзбекстанда – 17,4%-ға, Украинада – 8,3%-ға; Армения мен Қазақстанда ол тиісінше 5,8%-ға және 1,7%-ға кеміді.

Тұтыну рыногындағы баға. 2004 жылдың қорытындысы бойынша тұтыну рыногындағы инфляция Достастық елдерінің көбісінде 2003 жылға қарағанда біршама төмен болды, немесе іс жүзінде сол деңгейде қалды.

Достастық елдеріндегі тұтыну бағаларының деңгейі

(өсім, 2004 жылғы желтоқсан 2003 жылғы желтоқсанға, %-бен)



Армения өткен жылы 2003 жылға қарағанда тұтыну бағасының орташа айлық өсімі 0,5%-ға төмен болды, Беларусьте - 0,8%-ға, Қырғызстанда - 0,3%-ға, Молдовада - 0,2%-ға, Тәжікстанда - 0,6%-ға. 2004 жылы баға өсуінің жеделдетілуі Әзірбайжанда және Украинда тіркелді. Грузияда, Қазақстанда және Ресейде соңғы екі жылда тұтыну бағалары біркелкі қарқынмен өсті.

Тамақ өнімдері бағасының өзгеруі, бұрынғысынша, тауарлар мен қызметтер индексінің серпініне анықтаушылық ықпал етеді.

Азық-түлік тауарларына бағаның өсу қарқынында 2004 жылы едәуір айырмашылықтар болды: бір елдерде баяу болса, басқа елдерде – олардың өсу қарқыны жеделдетілген. Мәселен, бағаның өсу қарқынының баяулауы Армения да болды, онда осы тауарларға бағаның ай сайынғы өсу қарқыны 2003 жылғы 1%-дан 2004 жылғы 0,2%-ға дейін төмендеді, Беларусьте – тиісінше 1,8%-дан 1,3%-ға дейін, Молдовада - 1,8%-дан 1,3%-ға дейін, Тәжікстанда – 0,8%-дан 0,4%-ға дейін, Әзірбайжанда, керісінше, 2003 жылмен салыстырғанда азық-түлік тауарларына бағаның өсуі ай сайын 0,7%-ға жеделдетілгені байқалды, Грузияда – 0,3%-ға, Ресейде – 0,2%-ға, Украинада – 0,5%-ға.

Өткен жылы *азық-түлік емес топ тауарларының* бағасы Молдовада ай сайын орта есеппен 0,9%-ға, Әзірбайжанда, Беларусьте, Қазақстанда, Ресейде, Тәжікстанда және Украинада – 0,3-0,6%-ға өсті. Армения да олар 2003 жылғы желтоқсандағы деңгейде қалды. Тек Қырғызстан мен Тәжікстанда азық-түлік емес тауарларға бағаның өсуі өткен жылы оның азық-түлік тауарларына өсімінен асып түсті (тиісінше, 1%-ға және 1,8%-ға).

2004 жылы *ақылы қызметтерге* бағалар мен тарифтер барлық Достастық елдерінде (Грузиядан басқа) өсті, бірақ олардың өсу қарқыны баяулады. Беларусьте оның өте баяу жүргендігі байқалды, онда ақылы қызметтерге бағаның орташа айлық өсу қарқыны 2003 жылғы 2,7%-дан 2004 жылғы 1,3%-ға дейін төмендеді, Қырғызстанда – тиісінше, 1,4%-дан 0,2%-ға дейін, Тәжікстанда – 3,6%-дан 0,9%-ға дейін. Баға қарқынының біршама жеделдетілуі Украинада болды (0,2%-ға), Әзірбайжанда соңғы бес жыл ішінде ақылы қызметтерге бағаның 5,7%-ға өскендігі байқалды (тек қана газ бағасының 2,3 есе өсуі есебінен).

Жалақы. 2004 жылы 2003 жылмен салыстырғанда есептелген орташа айлық атаулы жалақы Әзірбайжанда 26%-ға, Армения мен Ресейде – 23%-ға, Беларусьте – 38%-ға, Қазақстанда – 22%-ға, Қырғызстанда – 16%-ға, Молдовада – 24%-ға, Тәжікстанда – 44%-ға, Украинада – 28%-ға өсті.

2004 жылғы желтоқсанда атаулы жалақы Әзірбайжан мен Украинда оның 2003 жылғы тиісті кезеңіндегі деңгейінен 28%-ға, Армения мен Ресейде – 18%-ға, Қазақстанда – 21%-ға, Молдовада - 19%-ға, Тәжікстанда – 38%-ға асып түсті.

Достастық елдеріндегі нақты жалақы деңгейі

(өсім, өткен жылғы тиісті кезеңге, %-бен)



Еңбек рыногы. Достастық елдерінде экономикалық тұрғыдан белсенді халық саны 2004 жылы орта есеппен 129 миллион адамға бағаланып отыр, соның ішінде жұмыспен қамтылғандар саны – 119 миллион, жұмыссыздар (Халықаралық еңбек ұйымының әдіснамасы бойынша анықталған) – 10 миллион адам.

Халықаралық еңбек ұйымының әдіснамасы бойынша анықталатын жұмыссыздардың жалпы саны, яғни жұмысты өз бетінше іздегендер санын (жұмыспен қамту қызметтерінде тіркелмеген) қоса, халықты соңғы іріктеп зерттеу деректері бойынша Қазақстанда үшінші тоқсанда 0,7 миллион адамды құрады (экономикалық тұрғыдан белсенді халық санынан 8,3%), Молдовада – 0,1 миллион адам (7,9%), Ресейде (тамыз) – 5,4 миллион адам (7,4%), Украинада – 1,7 миллион адам (7,8%), Әзірбайжан мен Қырғызстанда (2003 жылы жүргізілген зерттеулердің деректері бойынша) – тиісінше, 0,4 миллион адам (10,7%) және 0,2 миллион адам (8,9%).

Достастық елдерінде тіркелген жұмыссыздық деңгейі

(2004 жылғы желтоқсанның соңына, экономикалық тұрғыдан белсенді халық санына, %-бен)



** Еңбек етуге қабілетті жастағы еңбекке қабілетті халыққа, %-бен.*
*** Қараша.*

Жұмыспен қамту қызметтерінде ресми тіркелген жұмыссыздар саны жұмыссыздардың жалпы санынан көптеген елдерде, бұрынғысынша, 3-5 есе төмен, бұл негізінен жұмыспен қамтылмаған азаматтардың ресми жұмыссыз статусын алуға деген қызығушылығының жеткіліксіздігімен байланысты (жәрдемақы мөлшерінің аз болуы, олардың уақытылы төленбеуі, жұмыспен қамтылмаған азаматтарды тіркеудің және тіркеуден шығарудың қиындығы).

Бір жыл ішінде Әзірбайжанда осы кезең ішінде жұмыспен қамту қызметтерінде тіркелген жұмыссыз азаматтардың жалпы санынан 65,6%, Арменияда – 40,4%, Беларусьте – 72,9%, Грузияда – 42,2%, Қазақстанда – 61,8%, Қырғызстанда – 55,1%, Молдовада – 41,4%, Ресейде (жұмысқа орналастырылған жұмыссыздар) – 28,9%, Тәжікстанда (қаңтар-қарашада) – 28,5%, Украинада – 51,9% жұмысқа орналастырылған (өткен кезеңдерде жұмыспен қамту қызметтеріне жұмыс іздеп келгендер санынан жұмысқа орналасқандарды қоса).

14.2 ЕО ЖӘНЕ ЕУРО-АЙМАҚ ЕЛДЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Өнеркәсіп өндірісі. Еуростаттың алдын ала деректері бойынша 2004 жылдың қарашасында маусымдық ауытқуларға бейімделген өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2003 жылдың қарашасымен салыстырғанда Еуро-аймақ пен ЕО-25 өнеркәсібінің барлық секторларында өсті, ал олардың ұзақ мерзімді пайда-

ланылатын тауарлар секторында өнеркәсіп өндірісінің көлемі – тиісінше 3,4%-ға және 1,5%-ға төмендеді. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі Еуро-аймақта – 0,5%-ға, ЕО-25-те – 0,9%-ға өсті. Өндіріс көлемінің ең көп өсуі Еуро-аймақ пен ЕО-25-тегі энергетикалық тауарлар секторында тиісінше 2,6% және 1,6%, ЕО-25-тегі күрделі тауарлар секторында – 1,9% байқалды.

2004 жылдың өнеркәсіп өнімі көлемінің секторлар бойынша өзгерісінің серпіні

өткен жылдың тиісті айымен салыстырғанда, %



2004 жылдың қарашасында өткен жылдың тиісті айымен салыстырғанда есеп берген еуропа елдері арасында Еуро-аймақ пен ЕО-25-тің көптеген елдерінде өнеркәсіп өндірісі көлемінің өсуі байқалды. Ең көп өсуі Польшада – 8,8%, Венгрияда – 7,7%, Люксембургте – 6,9%, ең аз өсуі – Швецияда – 1,8%, Францияда – 1,7%, Нидерландыда – 1,5% байқалды.

Өнеркәсіп өндірісі көлемінің төмендеуі Ирландияда 10,3%, Португалияда 2,7%, Данияда 1,9%, Словенияда 1,1% және Германияда 0,4%.

2004 жылдың қарашасында өткен аймен салыстырғанда есеп берген еуропа елдері арасында өнеркәсіп өндірісі көлемінің әркелкі үрдістері байқалды. Өндіріс көлемінің ең көп өсуі Португалияда 5,6%, Грецияда 3,6%, Испанияда 2,5%, ал ең көп төмендеуі Ирландияда 6,3%, Швецияда 2,8% және Эстонияда 2,2% тіркелді.

Бөлшек сауда. Еуростаттың алдын ала деректері бойынша 2004 жылдың қарашасында бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 2003 жылдың тиісті айымен салыстырғанда Еуро-аймақта 0,5%-ға, ЕО-25-те 2,2%-ға өсті. Осы кезең ішінде бөлшек сауда көлемінің өсуі көлемінің 0,2%-ға төмендегені байқалған Еуро-аймақтағы азық-түлік тауарлары саудасынан басқа ЕО-25 пен Еуро-аймақтың барлық тауар топтары бойынша байқалды. Бөлшек сауда тауар айналымының ең көп өсуі ЕО-25-тің жеңіл өнеркәсіп өнімі саудасында 4,2%, шаруашылық тауарлары саудасында – 2,8%, азық-түлік емес тауарлары саудасында – 2,7% байқалды. Еуро-аймақтағы бөлшек сауда тауар айналымының ең көп көлемін жеңіл өнеркәсіп өнімі саудасы құрады – 2,0%, ең аз көлемін - азық-түлік тауарлары саудасы және шаруашылық тауарлары саудасы құрады (0,3%-дан).

2004 жылдың бөлшек сауда көлемінің өзгерісінің серпіні

өткен жылдың тиісті айымен салыстырғандағы өзгерісі %-бен



2004 жылдың қарашасында 2003 жылдың тиісті айымен салыстырғанда бөлшек сауда көлемінің ең көп өсуі Латвияда – 13,7%, Эстонияда – 12,2%, Данияда – 12,0% және Литвада – 10,3% тіркелді. 2004 жылдың қарашасында бөлшек сауда көлемінің төмендеуі өткен аймен салыстырғанда Германияда – 2,7%, Италияда – 2,1% және Нидерландыда – 0,6% байқалды.

2004 жылдың қарашасында өткен аймен салыстырғанда Еуро-аймақ пен ЕО-25-тің есеп берген елдері арасында бөлшек сауданың ең көп көлемі Португалияда 3,4%, Люксембургте – 2,4%, Германияда – 1,7% байқалды. Бөлшек сауда көлемінің өсуі Испанияда және Швецияда – 1,8%-дан, Данияда – 1,7% тіркелді.

Сыртқы сауда. Еуростаттың алдын ала деректері бойынша басқа елдермен бірге Еуро-аймақтағы сауда балансының профициті 2004 жылдың қарашасында 2,9 млрд. еуроны құрады, ал 2003 жылғы қарашада ол - 5,2 млрд. еуроны құраған. 2004 жылғы қазандағы сыртқы сауда балансы туралы деректер нақтыланып, профицит 5,7 млрд. еуроны құрады (2003ж. қазанда – профицит 9,1 млрд. еуро болған).

2004 жылғы қарашада бағалау бойынша ЕО-25-тегі сыртқы сауда балансының дефициті 8,5 млрд. еуро болып қалыптасты, ал 2003 жылғы қарашада ол 5,9 млрд. еуроны құраған. 2004 жылғы қазандағы сыртқы сауда балансы туралы нақтыланған деректер бойынша сауда балансының дефициті 6,5 млрд. еуроны, 2003 жылдың тиісті кезеңінде– 2,4 млрд. еуроны құрады.

2004 жылдың қаңтар-қазанында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда негізгі серіктестермен сауда көлемі ЕО-25-те өсті, АҚШ-тан әкелінген импорттан басқа (1%-ға төмендеген). Импорт көлемінің ең көп өсімі Қытайдан (20%), Оңтүстік Корейден (18%) және Түркиядан (17%) әкелінген импортта тіркелген, ал экспорт көлемі –Түркияға (31%), Ресейге (21%) және Қытайға (17%) шығарылған экспортта тіркелген.

ЕО-25 елдері арасында сауда балансы профицитінің ең көп көлемі Германияда (134,3 млрд. еуро) және Ирландияда (29,7 млрд. еуро) қалыптасты, ал сауда балансы дефицитінің ең көп көлемі Ұлыбританияда (80,2 млрд. еуро) және Испанияда (45,6 млрд. еуро) тіркелген.

Баға

Инфляция. Еуростаттың алдын ала деректері бойынша Еуро-аймақ пен ЕО-25-тегі инфляцияның жылдық қарқыны 2004 жылғы қарашадағы 2,2%-дан 2004 жылғы желтоқсанда 2,4%-ға дейін өсті. ЕО-15-те – тиісінше 2,0%-дан 2,2%-ға дейін өсті.

2004 жылдың Еуро-аймақтағы тауарлар мен қызметтер бағасы деңгейі өзгерісінің серпіні

өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен



*Алдын ала деректер

Қолда бар деректер бойынша ЕЕА-дағы (Еуропалық экономикалық кеңістік елдері) инфляцияның жылдық қарқыны ағымдағы жылдың қарашасындағы 2,1%-дан 2004 жылдың желтоқсанында 2,2%-ға дейін өсті.

2004 жылдың желтоқсанында баға деңгейінің өсуі өткен жылдың тиісті айымен салыстырғанда есеп берген барлық еуропа елдерінде байқалды. Баға деңгейінің ең көп өсуі Латвияда (7,4%), Словакияда (5,8%) және Венгрияда (5,5%) тіркелді, ал ең аз өсуі– Финляндияда (0,1%) тіркелді.

Өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағасы. Еуростаттың алдын ала деректері бойынша өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағасы 2004 жылдың желтоқсанында 2003 жылдың өткен айымен салыстырғанда Еуро-аймақ пен ЕО-25-те тиісінше 3,6% және 4,3%-ға өсті.

Бағаның өсуі өнеркәсіптің барлық секторларында тіркелген. 2004 жылдың желтоқсанында бағаның ең көп өсуі өткен жылдың өткен айымен салыстырғанда ЕО-25 пен Еуро-аймақтың энергетикалық тауарлары секторында тиісінше 9,3% және 6,7%, аралық тауарлары секторында – тиісінше 5,5% және 5,4% тіркелді. Бағаның ең аз өсуі – ЕО-25 пен Еуро-аймақтың ұзақ мерзімді пайдаланылатын тауарлары секторында тісінше 0,8% және1,1% тіркелді.

2004 жылдың желтоқсанында өткен аймен салыстырғанда бағалары тиісінше 0,1% және 0,4%-ға өскен Германия мен Словениядан басқа ЕО-25-тің есеп берген көптеген елдерінде өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағасының төмендеуі тіркелді. Бағаның ең көп төмендеуі Литвада –1,2% және Нидерландыда – 1,1% тіркелді.

2004 жылдың өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағасының секторлар бойынша өзгерісінің серпіні

өткен жылдың тиісті айымен салыстырғанда %



2004 жылдың желтоқсанында ЕО-25-тің есеп берген көптеген елдерінде 2003 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағасының өсуі, бағасы 0,8%-ға төмендеген Финляндиядан басқа барлық елдерде тіркелді. Өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағасы деңгейінің ең көп өсуі Люксембургте –12,8%, Чехияда (7,7%), Кипрда (7,6%), Ұлыбританияда (6,9%), ал ең аз өсуі Ирландияда – 1,1% тіркелді.

Жұмыссыздық деңгейі. Еуростат деректері бойынша жұмыссыздықтың жалпы деңгейі 2004 жылдың желтоқсанында өткен аймен салыстырғанда Еуро-аймақ пен ЕО-25-те 8,9%-дан, ЕО-15-те - 8,0% құрады.

2004 жылдың желтоқсанында жұмыссыздықтың ең төмен деңгейі Ирландияда - 4,3%, Люксембургте (4,4%), Австрияда (4,5%) тіркелді. ЕО-25 елдері арасында жұмыссыздықтың ең жоғары деңгейі Польшада – 18,3% және Словакияда (16,9%) байқалды.

Соңғы он екі ай ішінде (2003 жылдың желтоқсанынан бергі) жұмыссыздық деңгейінің өсуі Люксембургте (4,0%-дан 4,4%-ға дейін) және Кипрда (4,8%-дан 5,5%-ға дейін), ал ең көп төмендеуі–Литвада (12,0%-дан 9,4%-ға дейін), Эстонияда (10,0%-дан 8,3%-ға дейін) және Польшада (19,1%-дан18,3%-ға дейін), Словакияда (18,1%-дан 16,9%-ға дейін) байқалды. 2004 жылдың желтоқсанында 2003 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда еркектер арасындағы жұмыссыздық деңгейі өткен айғы деңгейде қалып, Еуро-аймақта 7,9% құрады, ал ЕО-15-те – 7,4%-дан 7,3%-ға дейін, ЕО-25-те тиісінше 8,3%-дан 8,2%-ға дейін төмендеді. Әйелдер арасындағы жұмыссыздық деңгейі Еуро-аймақта 10,3%-дан 10,1%-ға дейін, ЕО-25-те 10,0%-дан 9,8%-ға дейін, ЕО-15-те тиісінше 9,0%-дан 8,9%-ға дейін төмендеді.

ЕО-25 аумағындағы 25 жасқа дейінгі жұмыссыздар деңгейі Ирландияда 8,0%-дан Польшада 37,9%-ға дейінгі аралықта құбылып тұр. 2004 жылғы желтоқсанда жастар арасындағы жұмыссыздық өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда Еуро-аймақта17,0%-дан17,3%-ға дейін, ЕО-15-те– 15,7%-дан 16,0%-ға дейін өсті. ЕО-25-те жастар арасындағы жұмыссыздық өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда төмендеп, 18,1% құрады (2003ж. - 18,2%).

Еуростаттың алдын ала деректері бойынша 2004 жылғы желтоқсанда Еуро-аймақта 12,6 млн. ЕО-25-те 19,0 млн. еркектер мен әйелдер жұмыссыз болды. Бұл деректер ХЕҰ (Халықаралық Еңбек Ұйымы) критерилерін есепке ала отырып түзетілген.

14.3 2005 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАРДАҒЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ТАУАРЛАРДЫҢ ӘЛЕМДІК РЫНОГІНІҢ КОНЪЮНКТУРАСЫ

Энергетикалық тауарлар. World Bank деректері бойынша 2005 жылдың қаңтарында 2004 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда бағасы 6,5%-ға төмендеген АҚШ-тан әкелінген **табиғи газдан** басқа барлық негізгі энергетикалық тауарлар бағасының өсу үрдісі байқалды.

Өткен жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 2005 жылдың қаңтарында бағаның өсуі мұнай маркаларының барлық түрлеріне тіркелді: Brent маркалы мұнай бағасы 11,7%-ға, Dubai маркалы мұнай

бағасы – 10,4%-ға және WTI маркалы мұнай бағасы (Техас Батыс штаты) –тиісінше 8,3%-ға өсті. Шикі мұнай бағасы, орташа спот – 10,1%-ға өсті.

2004 жылғы және 2005 жылдың қаңтарындағы мұнайдың әлемдік бағасының серпіні

(доллар\баррель)



Металдар. 2005 жылдың қаңтарында өткен жылдың желтоқсанымен салыстырғанда металдардың әлемдік рыногында әркелкі үрдістер байқалды. Сонымен, бағаның өсуі мысқа, никельге және мырышқа тиісінше – 0,8%, 5,3% және 5,6% тіркелді. Мұның өзінде алюминий, қорғасын және қалайы сияқты металдарға бағаның төмендеуі тиісінше 0,8%, 2,2% және 9,6% байқалды. Қымбат металдар рыногында алтынның бағасы 4,1%-ға, күмістің бағасы – 6,6%-ға төмендеді. Болаттың барлық түрлерінің бағасы, білеулердегі болаттың бағасы, сондай-ақ темір кенінің бағасы 2004 жылдың желтоқсанындағы деңгейде өзгеріссіз қалды.

2004 жылғы және 2005 жылдың қаңтарындағы металдардың және болаттың әлемдік бағасы

(доллар/тонна)



Ауыл шаруашылық және азық-түлік тауарлары. 2005 жылдың қаңтарында өткен аймен салыстырғанда әлемдік рыноктағы және АҚШ-тың ішкі рыногындағы қант бағасының өсуі тіркелді – тиісінше 5,7% және 0,4%, ал оның Европаның ішкі рыногындағы бағасы, керісінше 2,6%-ға төмендеді. Сондай-ақ, бағаның өсуі дәнді дақылдардың кейбір түрлеріне байқалды: Канададан әкелінген бидай бағасы – 1,4%-ға, АҚШ-тан әкелінген SRW бидайының бағасы - 2,1%-ға, Тай күрішінің бағасы – 8,9%-ға және жүгерінің бағасы 0,9%-ға өсті. Осы кезеңде, АҚШ-тан әкелінген HRW бидайының бағасы 0,2%-ға төмендеді. Бағаның шамалы өсуі шайға (3 аукцион бойынша орташа мәні) – 0,06% байқалды.

Балықтың, қой етінің және сиыр етінің бағасы тиісінше 4,0%-ға, 2,6%-ға және 2,0%-ға төмендеді.

2004 жылғы және 2005 жылдың қаңтарындағы бидайдың әлемдік бағасының серпіні

(доллар\ тонна)



Шикізат және тыңайтқыштар. 2005 жылдың қаңтарында 2004 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда Камеруннан әкелінген сүректің (ағаш материалының) бағасы – 4,2%-ға өсті, ал осы кезеңде Малайзиядан әкелінген сүректің (ағаш материалының) және сүректің (бөрененің) бағасы – тиісінше 4,6%-ға және 0,5%-ға өсті. Каучуктың және жүннің барлық түрлері бағасының төмендегені байқалды, ал мақтаның барлық түрлері бағасының өсуі тіркелді. Тау фосфатының, калий хлоридінің және үш суперфосфаттың бағасы 2004 жылғы желтоқсандағы деңгейде өзгеріссіз қалды.

2004 жылғы және 2005 жылдың қаңтарындағы шикізаттің әлемдік бағасы

(цент/кг)



1. КРАТКИЕ ИТОГИ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В 2004 ГОДУ И ЯНВАРЕ 2005 ГОДА

Макроэкономические тенденции. Объем *валового внутреннего продукта*, по оперативным данным, в 2004г. составил в текущих ценах 5542,5 млрд. тенге. Прирост реального ВВП по сравнению с аналогичным периодом 2003г. составил 9,4%. В структуре ВВП доля производства товаров составила 45% от ВВП, услуг 50,6%.

Индекс потребительских цен в декабре 2004г. по сравнению с декабрем 2003г. составил 106,7%, в среднем за год – 106,9%. В январе 2005г. цены и тарифы на потребительские товары и услуги по сравнению с декабрем 2004г. возросли на 0,8%, продовольственные товары и платные услуги по 1,0%. Индекс цен на непродовольственные товары составил 100%. Цены предприятий-производителей промышленной продукции в январе 2005г. снизились по сравнению с декабрем 2004г. – на 1,8%.

Численность безработных в 2004г., по экспертной оценке, составила 657,4 тыс. человек., в январе 2005г. 660,0 тыс.человек. *Уровень безработицы* в 2004г. составил 8,4%, в январе 2005г. – 8,6% к численности экономически активного населения. Численность граждан, зарегистрированных в органах занятости в качестве безработных, на конец декабря 2004г. составила 117,7 тыс.человек, на конец января 2005г. – 120,1 тыс.человек, их доля в численности экономически активного населения составила соответственно по 1,5%.

Реальный сектор экономики. *Объем промышленного производства* в январе 2005г. составил в действующих ценах 347,5 млрд. тенге, что на 9% больше, чем в январе 2004г. В горнодобывающей промышленности объем производства по сравнению с аналогичным периодом 2004г. возрос на 12,8%, в обрабатывающей – на 4,8%, в производстве и распределении электроэнергии, газа и воды – на 8,6%.

Объем валовой продукции сельского хозяйства в январе 2005г. составил в текущих ценах 21,0 млрд. тенге и по сравнению с январем 2004г. увеличился на 5,8%.

Общий объем грузоперевозок (с учетом оценки объема перевозок грузов нетранспортными организациями и предпринимателями, занимающимися коммерческими перевозками) в январе 2005г. составил 131,0 млн. тонн и по сравнению с соответствующим периодом 2004г. возрос на 3,5%.

Объем розничного товарооборота (без оборота общественного питания) за январь 2005г. составил 92,5 млрд. тенге и увеличился по сравнению с январем 2004 года на 9,9%.

Объем инвестиций в основной капитал в январе 2005г. составил 97,1 млрд. тенге, что на 61,2% больше, чем в 2004г.

По состоянию на 1 февраля 2005г. в республике *зарегистрировано 209884 хозяйствующих субъектов (юридических лиц),* в том числе с численностью занятых до 50 человек – 196925. Действующих юридических лиц – 157843. Среди действующих юридических лиц малые предприятия составляют - 145796, из них предприятий малого бизнеса – 104556.

Внешняя торговля. *Внешнеторговый оборот* Казахстана (по данным Комитета таможенного контроля Министерства финансов Республики Казахстан, без учета неорганизованной торговли) в январе-декабре 2004г. составил 32877,5 млн. долл. США и по сравнению с январем-декабрем 2003г. увеличился на 54%, в том числе *экспорт – 20096,2* млн. долл. США (увеличился на 56%), *импорт* – 12781,3 млн. долл. США (увеличился на 52%).

Финансы. Объем поступлений в *Государственный бюджет* Республики Казахстан, по оперативным данным Министерства финансов РК, на 1 января 2005г. составил 1305,1 млрд. тенге, что на 27,7% больше, чем на 1 января 2004г., расходы и кредитование –1323,8 млрд. тенге (на 24,6% больше).

За декабрь 2004г., по данным отчитавшихся предприятий и организаций, финансовый результат от обычной деятельности до налогообложения определился как доход в сумме 105,7 млрд. тенге, что в 2,1 раза больше, чем в 2003г. У*ровень рентабельности* составил 23,6%. *Доля убыточных предприятий* составила 40,8% от общего числа отчитавшихся предприятий.

По данным Нацбанка Республики Казахстан, *кредитные вложения* банков второго уровня в отрасли экономики, на 1 января 2005г. составили 1484,3 млрд. тенге. Наблюдается устойчивая динамика их увеличения. В общем объеме кредитных вложений доля долгосрочных кредитов составила 65,7%, доля кредитов в иностранной валюте – 51,9%. *Объем депозитов* в банковской системе на 1 января 2005г. составил 1255,4 млрд. тенге, что на 71,2% больше, чем на 1 января 2004г., в том числе депозиты (вклады) населения соответственно 441,2 млрд. тенге, что на 31,5% больше, чем на 1 января 2004года.

Доходы населения. В декабре 2004г., по оценке, *среднедушевые номинальные денежные доходы* населения составили 14876 тенге и увеличились по сравнению с декабрем 2003г. на 20,4%, *реальные денежные доходы* – на 12,8%.

Среднемесячная номинальная заработная плата, начисленная работникам в декабре 2004г., составила 35652 тенге и возросла по сравнению с декабрем 2003г. на 26,5%. *Реальная заработная плата* увеличилась на 18,5%.

Основные социально-экономические индикаторы

	Единица измерения	Январь-декабрь 2004г.	Январь 2005г.	В % к соответствующему периоду предыдущего года		Январь 2005г. в % к декабрю 2004г.
				январь-декабрь 2004г.	январь 2005г.	
А	Б	1	2	3	4	5
Экономические показатели						
Валовой внутренний продукт	млрд. тенге	5542,5		109,4		
Объем промышленной продукции (товаров, услуг)	млрд. тенге	3733,8	347,5	110,1	109,0	90,9
Объем валовой продукции сельского хозяйства	млрд. тенге	693,3	21,0	100,1	105,8	55,8
Перевозки грузов всеми видами транспорта	млн. тонн	1840,0	131,0	109,0	103,5	77,4
Объем услуг связи (темп роста в сопоставимых ценах)[1]	млрд. тенге	169,1	18,3	132,0	132,3	114,0
